

عَالَمُ الْجِنَّ وَالشَّيَاطِينِ

ЖЫНДАР МЕН ШАЙТАНДАР ӘЛЕМІ



ABUHANIFA.KZ

MAHADSUNNA.COM

SARHAAN.COM

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Жындар әлемі

Өздеріңіз білетіндей, Жаратушының иман келтірген құлдарын өзгелерден ерекшелейтін ең басты нәрсе – ғайыпқа, яғни Аллаһ Тағаланың Өз пайғамбарлары мен елшілері арқылы Кітаптарында хабарлаған, алайда көзге көрінбейтін, сезім мүшелерімен сезілмейтін нәрселерге сену. Раббымыз Құран Кәрімде Өзінің тақуа құлдарын сипаттап, олардың ғайыпқа, жасырынға сенетіндерін айтады. Аллаһ Тағала былай деген:

ذَٰلِكَ الْكِتَابُ لَا رَيْبَ فِيهِ ۚ هُدًى لِّلْمُتَّقِينَ

الَّذِينَ يُؤْمِنُونَ بِالْغَيْبِ وَيُقِيمُونَ الصَّلَاةَ وَمِمَّا رَزَقْنَاهُمْ يُنْفِقُونَ

«Міне, осы Кітапта күдік жоқ, ол тақуалар үшін тура жол көрсетуші. Олар көмеске (яғни Аллаһтың бар екенін және Ол хабарлаған нәрселерге) **иман келтіреді, намазды толық** (лайықты түрде өз уақытында, Раббының алдында тағзым-итағатпен тұрып, жан-тәнімен намазға иіліп) **орындайды, әрі өздеріне берген (халал) несібемізден** (Аллаһтың жолында міндетті және ерікті садақа) **сарп етеді»**

(«әл-Бақара» сүресі, 2-3 – аяттар).

Жындар әлемі – ғайып, жасырын салаға кіретін әлемдердің бірі. Біз оны көрмесек те, оның бар екеніне сенуіміз керек, өйткені Аллаһ Тағала ол туралы Өзінің сөзі – Құранда әрі Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сүннетінде хабарлап айтқан. Жүрегінде дұрыс сенімдерді ұстанған нағыз мұмин адам біздің айналамызда ауа мен ақылдың бар екендігіне, тіпті оларды көрмесе де, сенетіні сияқты, жындардың да бар екенін, оларды көрмесе де, мойындауы міндетті. Егер Құранда немесе Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сенімді хадистерінде әлдебір нәрсе туралы хабарланса, біз - мұсылмандарға тек бір-ақ нәрсе, яғни «**Самиғна уә атоғна**» («Естідік және мойынсұндық») деп айту ғана қалады. Өйткені біздің санамыз бен ақылымыз белгілі және алыс емес әрі ол одан асып кете алмайтын қызыл сызық шекарамен шектеліп, бекітілген, әрі біз соның шегінен тыс шыға алмаймыз, сондықтан да біз барлық нәрсені Білуші Аллаһтың бізге хабарлаған нәрселерінен қалағанымызды жоққа шығарып, қалағанымызды қабылдай алмаймыз. Жоқ, керісінше біз

Раббымыздың алдында құлдық ұрып, оның хабарларына күдіксіз сеніп, Оның айтқандарын мойындауымыз керек. Осы орайда біздің ақыл-ойымыздың рөлі – бақылаушы немесе сыншының позициясынан бақылап, пікір тую емес, түсіну, зердесіне жету, дұрыс қорытынды жасап, ғибрат алу. Құмырсқаға геометрияны үйрету мүмкін емес, өйткені бұл оның санасынан тыс; бір жастағы нәрестеге кванттық физиканы түсіндіру мүмкін емес; тура сол секілді медицинада ешқандай білімі жоқ пациент өзінің игілігі үшін тәжірибелі әрі ықыласты дәрегерге сенуі қажет. Оның үстіне біздің барлығымыз өз бақытымыз үшін өзімізді де, тәніміз бен жанымызды да жаратқан, көктегі және жердегі барлық құпия мен айқын нәрселерді Өзінің шексіз білімімен қамтыған Аса Білуші Жаратушы Аллаһқа сенуіміз керек.

Біздің таңғажайып заманымызда жындар әлемінің бар екенін жоққа шығаратын адамдар бар. Біз ондай адамдарға былай деп айтамыз: жындардың бар екендігін Құран аяттары мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) даусыз сенімді хадистері айқын көрсетеді, ал бұны жоққа шығару Құран мен Сүннетті жоққа шығару болып табылады.

Жындар жайлы Аллаһ Тағаланың Кітабының көптеген аяттарында айтылады. Мысалы, Раббымыз олар туралы былай деген:

وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ

«Мен жын мен адамзатты тек Өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым»

(«әз-Зарият» сүресі, 56-аят).

Құранда сондай-ақ былай деп айтылған:

وَإِذْ صَرَفْنَا إِلَيْكَ نَفَرًا مِنَ الْجِنِّ يَسْتَمِعُونَ الْقُرْآنَ

«Сол уақытта саған жындардан Құран тындайтын бір топты келтірген едік»

(«әл-Әхқаф» сүресі, 29-аят).

Құран Кәрімде тағы былай деп айтылған:

يَا مَعْشَرَ الْجِنِّ وَالْإِنْسِ إِنِ اسْتَطَعْتُمْ أَنْ تَنْفُذُوا مِنْ أَقْطَارِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ فَانْفُذُوا ۚ لَا تَنْفُذُونَ إِلَّا بِسُلْطَانٍ

«Әй жын мен адамзат тобы! Көктер мен жердің шектерінен өтуге шамаларың келсе, өтіңдер. Бірақ, әсте өте алмайсыңдар (сондықтан да Аллаһтың сендерге билік етуінен әсте құтыла алмайсыңдар)! Бірақ бір қуатпен (Аллаһтың билігінің астындағы және Оның рұқсатымен ғана) өте аласыңдар»

(«әр-Рахман» сүресі, 33-аят).

Сүннетте де жындардың бар екендігіне көптеген нұсқаулар бар. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірде былай дегені хабараланады:

مَا مِنْكُمْ مِنْ أَحَدٍ إِلَّا وَقَدْ وُكِّلَ بِهِ قَرِينٌ مِنَ الْجِنِّ، وَقَرِينُهُ مِنَ الْمَلَائِكَةِ.

قَالُوا: وَإِيَّاكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ؟ قَالَ: لَكِنَّ اللَّهَ أَعَانَنِي عَلَيْهِ فَأَسْلَمَ، فَلَا يَأْمُرُنِي إِلَّا بِخَيْرٍ

«Сендердің араларыңда (Аллаһ тарапынан) оған жындардан болған бір серік қойылмаған ешкім жоқ». Адамдар мұны естіп: «Уа Аллаһтың Елшісі, тіпті сізге де ме?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Маған да. Алайда Аллаһ маған онымен күресуге көмектесті әрі ол Исламды қабылдады, сондықтан да мені тек жақсылыққа шақырады», - деп жауап берді.

(хадисті Муслим, 2814 жеткізген).

Бірде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Сағид әл-Худри атты сахабасы бір адамға: «Мен сенің мал мен жайлауды жақсы көретініңді көріп тұрмын, өзінің қойларың мен жайлауда болған кезінде (намазға) азан шақыратын болсаң, оны қатты дауыспен шақыр, өйткені кім азаншының дауысын естісе де, мейлі ол жын, адам немесе басқа нәрсе болсын, олардың барлығы Қиямет күні сол азаншы үшін қуәлік етеді», - деді. Абу Сағид бұл сөздерді айтқанда: «Мен бұл жайлы Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) естідім», - деді.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абдуллаһ ибн Масғуд есімді сахабасы былай деген: «Бір түні біз Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге болған кезімізде, кенет оны жоғалтып алдық. Біз аңғарлар мен шатқалдарды аралауға кірістік, кейін: «Не оны жындар алып, онымен бірге ұшып кетті, немесе ол опасыздықпен өлтірілді», - деп ойлай бастадық. Бұл түн біз үшін адам өткізуі мүмкін болған түндердің ең жаманы болды. Таң атқанда, біз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге Хира үңгірі жағынан келе жатқанын көрдік. Біз: «Уа Аллаһтың Елшісі! Біз

сізді жоғалттық, кейін сізді іздей бастадық, алайда таппадық және адам өткізуі мүмкін болған түндердің ең жаманын басымыздан кешірдік», - дедік. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болған жағдайды түсіндіріп, былай деді: **«Маған жындардан бір елші келді, әрі мен онымен бірге оларға Құран оқу үшін бардым»**. Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізді жетектеп алып барып, жындардың (тұрағының) және олардың оттарының іздерін көрсетті».

Осылайша, Құран мен Сүннетте жындар әлемінің бар екендігіне нұсқайтын көптеген дәлелдер бар, ал кім аяттар мен хадистерде олар жайлы айтылғандығын біле тұра, бұл даусыз шындықты жоққа шығарса, ол дініміздің қойнынан шығып, кәпір болады, Аллаһ бізді бұндайдан сақтасын.

Демек, бүгінгі күні кейбір адамдар жындардың бар екенін жоққа шығарады. Дегенмен, бұл мәселеде басқа бағытта қателескен тағы бір топ адамдар бар. Олар жындар жайлы өтірік әгімелер айтып, олардан тіпті Аллаһ Тағаладан да қаттырақ қорқады. Тура сол сияқты сиқыршылардан да, олар жындар және шайтандармен байланыста болғандары үшін, қорқатын адамдар да бар.

Осы орайда баса ескерте кететін бір нәрсе - жындар мен шайтандар Аллаһ Тағаланың қалауынсыз ешкімге зиян тигізе алмайтыны. Жындар мен шайтандар әлсіз, олар тіпті өздеріне де пайда не зиян әкеле алмайды. Егер адам олардан қорқатын болса, оның Аллаһ Тағаламен байланысы әлсіз болса, онда олар оның үстінен үстемдік алуға және оған зиян келтіру мүмкіндігіне ие болады. Исламға дейінгі дәуірде арабтар әлдебір жат жерге кіріп келе жатып, сол жерде тұратын басты жынға жүгініп: «Мен осы алқаптың иесінен жындардан, олар маған зиян тигізбеуі үшін қорғау сұраймын», - деп айтатын. Жындар адамдардың олардан қорқып, олардың қорғауына жүгінгендерін көргенде, олардың бойларына одан сайын қорқыныш ұялатып, оларды өздерінен одан сайын күштірек жігермен қорған сұрауға мәжбүр ететін. Аллаһ Тағала бұл жайлы Құранда былай деген:

وَأَنَّهُ كَانَ رِجَالٌ مِنَ الْإِنسِ يَعُوذُونَ بِرِجَالٍ مِنَ الْجِنِّ فَزَادُوهُمْ رَهَقًا

«Шынында, адамдардан болған кейбір ерлер жындардың кейбір ерлеріне сиынатын еді де, (осынысымен) жындардың менменсуін арттыратын»

(«Жын» сүресі, 6-аят).

Біз сіздермен еш күмән тудырмайтын бір шындықпен бөліскіміз келеді, құрметті бауырлар мен әпке-қарындасстар: жындар мен шайтандар Аллаһтың ең әлсіз жаратылыстарының бірі, олар бізге де, өздеріне де зиян да, пайда да келтіре алмайды. Аллаһ Тағала бұл жайлы Құранда былай деп хабарлаған:

إِنَّ كَيْدَ الشَّيْطَانِ كَانَ ضَعِيفًا

«Негізінен шайтанның айла әдістері әлсіз»

(«ән-Ниса» сүресі, 76-аят).

Осы сөздерден кейін тағы қандай дәлел керек? Жүрегімізде дұрыс діни сенім, берік иман, таухид, Аллаһқа деген тәуекел мен Оған үміт болса, жындар мен шайтандар айла жасаса да, бізге ештеңе істей алмайды. Иә, егер пенде Аллаһқа иман келтірмесе немесе оның иманы әлсіз болса, ол күнә жасап, Аллаһқа бойсұнбаса, Аллаһпен бірге біреуге құлшылық етіп, дұғамен жүгінсе, оның жүрегі Жаратушыдан үзіліп, басқа нәрсемен әлек болса, онда шайтан онымен, футболшы доппен ойнағандай етіп ойнайды. Алайда мұмин және салиқалы адаммен шайтан бұндай әрекет жасай алмайды. Салиқалы мұминге шайтан тек жаман ойды сыбырлап, оны итермелей алады, бірақ мұмин адам Раббысын еске алғаннан кейін шайтан шегініп, жасырынып, шыбын сияқты елеусіз болып қалады. Жүрегінде Құран мен Сүннет үйреткен дұрыс сенімді ұстанған, Аллаһқа толық арқа сүйеп, тәуекел еткен, Аллаһтан ғана қорқатын адамнан шайтан қорқады.

Адам баласы Аллаһтың шынайы құлы болған кезде ғана шайтан одан қорқатын болады. Сіз Умар ибн әл-Хаттабты білесіз бе? Бұл адамды білу қажет. Бұл - көрнекті салиқалы халифа, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі сәлемі болсын ең жақын сахабалары мен серіктерінің бірі. Бұл адамның қадір-қасиеттері сансыз. Сонымен, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірде оған: *«Уа Умар, расында, шайтан сенен қорқып қашады»*, - деген. Умарды көрген шайтандар неліктен қашатын. Ол өзімен қорқынышты қару алып жүрді ме? Жоқ! Олар оның жүрегінде орнаған сенім, иман және таухидтен қорыққан. Осы себепті Умар белгілі бір жолмен келе жатқанда, шайтан өзіне басқа жол таңдайтын, ал Умар бір жерге отырса, жындар сол жерден қаша жөнелетін. Бұл тек Умарға қатысты емес. Сенімі Құран мен Сүннетте жазылған Аллаһтан келген уахи негізінде құрылған, иманы берік, Аллаһқа тәуекел етіп, Оған ғана көмек үшін жүгінетін кез келген адам шайтанды жеңе алады, өйткені ол

жындары мен шайтынның оған қатысты айлалары күшсіз болған алынбас қамалда болады. Құранда Аллаһ Тағаланың Ібіліске былай дегені хабарланады:

إِنَّ عِبَادِي لَيْسَ لَكَ عَلَيْهِمْ سُلْطَانٌ

«Менің шынайы құлдарыма сенің ықпалың жүрмейді!»

(«әл-Хижр» сүресі, 42-аят).

Шайтанның өзі де мұны мойындаған. Аллаһ Тағала бізге бұл жайлы хабарлап, былай деген:

قَالَ فَبِعِزَّتِكَ لأُغْوِيَنَّهُمْ أَجْمَعِينَ

إِلَّا عِبَادَكَ مِنْهُمُ الْمُخْلَصِينَ

«Ол (Ібіліс): «Ұлығыңмен ант етемін (уа Аллаһ)! Әлбетте олардың барлығын аздырамын. Бірақ ықыласты құлдарың ғана қалады»

(«Сод» сүресі, 82-83 – аяттар).

Еш жағдайда жындардан көмек сұрауға, олардан қорқуға және олардың мүмкіндіктері мен жағдайын асыра бағылауға болмайды.

Жындар деген кім және олардың қандай ерекшеліктері бар?

Мұны «Мың бір түндегі» ертегілерге, ырымдар мен аңыздарға емес, Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көктен түсірілген сенімді ілімге, Құран мен Сүннеттегі дәлелдерге сүйене отырып талқылайық.

Біріншіден, жындар неден жаратылған? Олар оттан жаратылған. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

خُلِقَتِ الْمَلَائِكَةُ مِنْ نُورٍ وَخُلِقَ الْجَانُّ مِنْ مَّارٍ مِنْ نَارٍ وَخُلِقَ آدَمُ مِنْ مِّمَّا وَصِفَ لَكُمْ

«Періштелер нұрдан, жындар түтінсіз оттан, ал Адам сендерге баяндалған нәрседен жаратылған»

(хадисті Муслим жеткізген, 2996).

Аллаһ Тағала жындарды періштелер секілді, Адам атамыздан бұрын жаратқан. Құранда былай деп айтылған:

وَلَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ مِنْ صَلْصَالٍ مِّنْ حَمَإٍ مَّسْنُونٍ

وَالْجَانَ خَلَقْنَاهُ مِنْ قَبْلُ مِنْ نَّارِ السَّمُومِ

«Расында, адамды бейнеленген қара балшықтың сыңғырлап құрғағанынан жараттық. Жындарды да (адамнан) бұрын түтінсіз оттан жаратқан едік»

(«әл-Хижр» сүресі, 26-27 – аяттар).

Жындар үш түрге бөлінеді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

الْجِنُّ ثَلَاثَةٌ أَصْنَافٍ: صِنْفٌ لَهُمْ أَجْنَحَةٌ يَطِيرُونَ فِي الْهَوَاءِ، وَصِنْفٌ حَيَّاتٌ وَكَالَابُ، وَصِنْفٌ يَحِلُّونَ وَيَطْعُنُونَ

«Жындардың үш түрі бар: қанатты әрі әуеде ұшатын, жыландар мен иттердің кейпінде болатын және бір жерге қоныстанып, кейін басқа жерге көшетіндер»

(хадисті әт-Табарани, 573 және әл-Хаким, 456 жеткізген; әл-Әлбани оны «Мишкат әл-масабиһ» еңбегінде сенімді деп атаған, 4148).

Жындар әдетте қандай жерлерде өмір сүреді? Олар қараңғы, қираған жерлерде, қоқыс үйінділерінде, әжетхана, монша секілді лас және кір жерлерде болуды жөн көреді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

إِنَّ هَذِهِ الْحُشُوشَ مُحْتَضِرَةٌ، فَإِذَا أَتَى أَحَدُكُمْ الْخَلَاءَ، فَلْيَقُلْ: أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الْخُبْثِ وَالْخَبَائِثِ

«Расында, әжетханалар мекенделген (яғни оларды жындар мекендейді). Сондықтан сендерден біреу әжетханаға кіргенде: «Аллаһтан ер және әйел жынысты жындардан пана тілеймін», - деп айтсын»

(хадисті Ахмад, 19286; Абу Дауд, 6 және Ибн Мәжаһ, 296 жеткізген; әл-Әлбани оны «Әс-силсилаят әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 1070).

Жындар өледі ме? Әрине. Олар Аллаһтан басқа барлық нәрсе секілді өледі. Аллаһ Тағала былай деген:

كُلُّ مَنْ عَلَيْهَا فَانٍ

«Бүкіл жер жүзіндегілер түгейді»

(«әр-Рахман» сүресі, 26-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

أَعُوذُ بِعِزَّتِكَ الَّذِي لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ الَّذِي لَا يَمُوتُ، وَالْجِنُّ وَالْإِنْسُ يَمُوتُونَ

«Мен Сенің ұлылығыңа жүгінемін, уа, сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ болған Құдай! Уа Өлмейтін, ал жындар мен адамдар өледі»

(хадисті әл-Бухари, 7383 және Муслим, 2717 жеткізген).

Жындар қаншалықты ұзақ өмір сүреді. Құранда да, Сүннетте де бұған еш нұсқау жоқ. Тек Ібіліс жайлы, ол бұл әлемнің соңына дейін, Қиямет күні басталғанша өмір сүретіндігі жайлы айтылған.

Ол Аллаһ Тағаладан оған адамдар өлгеннен кейін қайта тірілетін күнге дейін уақыт беруін сұрады, ал Аллаһ Тағала Өзінің даналық-хикметімен және жоспарымен оған бұл уақытты берді.

Жындар үйленіп, ұрпақты болады ма? Аллаһ Тағала Жәннаттың хор қыздары жайлы баяндап, былай деген:

لَمْ يَطْمِثْهُنَّ إِنْسٌ قَبْلَهُمْ وَلَا جَانٌّ

«Ол қор қыздарға олардан бұрын адамдар да, жындар да жақындамаған»

(«әр-Рахман» сүресі, 74-аят).

Дін ғұламалары бұл аят жындардың дүниеде неке қатынасына түсетінін дәлелдейді дейді.

Сонымен қатар, Аллаһ Тағала шайтанға ергендерді айыптап былай деген:

وَإِذْ قُلْنَا لِلْمَلَائِكَةِ اسْجُدُوا لِآدَمَ فَسَجَدُوا إِلَّا إِبْلِيسَ كَانَ مِنَ الْجِنِّ فَفَسَقَ عَنْ أَمْرِ رَبِّهِ

أَفَسَخِدُونَهُ وَذُرِّيَّتَهُ أَوْلِيَاءَ مِنْ دُونِي وَهُمْ لَكُمْ عَدُوٌّ بِئْسَ لِلظَّالِمِينَ بَدَلًا (٥٠)

«Сол уақытта періштелерге: “Адамға сәжде қылыңдар!” - деген едік.

Ібілістен басқа бүкіл періштелер сәжде қылған еді. Жыннан болған ол, Раббысының әмірінен бас тартты. Сонда да (уа адамдар) Менен өзге оны және оның ұрпақтарын, олар сендерге дұшпан бола тұра, өздеріңе дос етіп аласыңдар ма?!” Залымдар үшін (Аллаһқа мойынсұнуды Ібіліске мойсұнумен айырбастау) нендей жаман аустыру»

(«әл-Кәһф» сүресі, 50-аят).

Бұл аят шайтандар мен жалпы жындардың ұрпағы бар екенін көрсетеді. Құранның көрнекті білгірі Қатада былай деген: «Шайтандардың балалары Адамның ұрпағы секілді өседі әрі олардың саны одан да көп».

Жындар қандай болады?

Жындардың шайтандардан айырмашылығы қандай?

Жындар екі түрге бөлінеді. Бірінші түрі - мұмин және салиқалы жындар. Екінші түрі – кәпір әрі пасық жындар. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде бізге жындардың мына сөздері жайлы айтқан:

وَأَنَا مِنَ الْمُسْلِمُونَ وَمِنَّا الْقَاسِطُونَ ۖ فَمَنْ أَسْلَمَ فَأُولَٰئِكَ تَحَرَّوْا رَشَدًا

وَأَمَّا الْقَاسِطُونَ فَكَانُوا لِجَهَنَّمَ حَطَبًا

«Расында, бізден мұсылмандар (яғни Аллаһ Тағалаға мойынсұнғандар) да, (иманнан) ауытқығандар (бет бұрғандар) да бар. Сонда кім мұсылман болса, міне солар, тура жолмен жүрді. Ал енді ауытқығандар, Тозаққа отын болады!»

(«әл-Жинн» сүресі, 14-15 – аяттар).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала Құран Кәрімде олардың басқа сөздерін келтіреді:

وَأَنَا مِنَ الصَّالِحِينَ وَمِنَّا دُونَ ذَلِكَ ۖ كُنَّا طَرَائِقَ قَدَدًا

«Расында, біздің ішімізде салиқалыларымыз да, басқаларымыз да бар.

Біз осылай әртүрлі жолдарда болатынбыз»

(«әл-Жинн» сүресі, 11-аят).

Жындардың ішінен ешбір жақсылығы жоқтарын, тек жамандықты ғана білетін әрі тек жамандыққа шақыратын, Аллаһқа қарсы шығып, Оған мойынсұнбайтындарын шайтан деп атайды. Әрі осындай амалдар жасайтын адамдар да шайтан болып саналады. Демек, шайтандар жындардан да, адамдардан да болуы мүмкін. Аллаһ Тағала былай деген:

وَكَذَٰلِكَ جَعَلْنَا لِكُلِّ نَبِيٍّ عَدُوًّا شَيَاطِينَ الْإِنْسِ وَالْجِنِّ يُوحِي بَعْضُهُمْ إِلَىٰ بَعْضٍ زُخْرُفَ الْقَوْلِ

غُرُورًا

«Осылайша әр пайғамбарға адамдардың және жындардың шайтандарынан дұшпандар жасадық. Олар бір-біріне алдаудың жалтыраған сөздерін сыбырлайды»

(«әл-Әнғам» сүресі, 112-аят).

Жындардан болған шайтандардың басшысы әрі арғы атасы - Ібіліс. Ол және оның әскері адамдарды Тозақ отына шақырады. Көпшілік Ібілісті азғындаған періште деп санап, қателеседі. Бұл түбегейлі қате. Ібілістің періштелерге мүлдем

қатысы жоқ. Бұдан қалса, Аллаһ Тағала періштелерді, олар Оған ешқашан қарсы шықпайтын етіп жаратқан. Мойынсұнбаушылық пен күнә олардың тап-таза болмысымен үйлеспейді, сондықтан ешқандай азғындаған перішетелер жоқ. Ібіліс ешқашан, тіпті бір сәт болса да періште болған емес. Ібіліс – жын. Ол оттан, ал періштелер нұрдан жаратылған. Иә, Ібіліс көкке көтерілген болатын, сол көкте ол періштелердің арасында болып, періште болмай-ақ Аллаһқа құлшылық еткен кез болды. Кейін ол тәкаппарланып, Аллаһ Тағаланың қалауына мойынсұнбады, әрі сол үшін Қиямет күніне дейін жер бетіне түсірілді. Құран Кәрімде Ібілістің періште емес, жын екендігі әп-айқын түрде айтылған:

وَإِذْ قُلْنَا لِلْمَلَائِكَةِ اسْجُدُوا لِآدَمَ فَسَجَدُوا إِلَّا إِبْلِيسَ كَانَ مِنَ الْجِنِّ فَفَسَقَ عَنْ أَمْرِ رَبِّهِ

«Сол уақытта періштелерге: «Адамға сәжде қылыңдар», - деген едік.

Ібілістен басқа бүкіл прешітелер сәжде қылды. Жыннан болған ол

Раббысының әмірінен бас тартты»

(«әл-Кәһф» сүресі, 50-аят).

Адамдар секілді жындарды да Аллаһ Тағала Өзіне құлшылық ету үшін жаратқан. Адамдар мен жындардың періштелерден айырмашылығы - олар не Аллаһқа мойынсұну және бақыт жолын, не күпірлік пен мойынсұнбау және Тозақ жолын таңдауда ерікті. Адамдар секілді жындарға да, Аллаһтың әмірлерін орындау, тыйым салынған харам нәрселерінен бас тарту және әртүрлі ғибадаттарды орындау жүктелген. Наным-сенім (яғни ақида), дін ұстану және ғибадат рәсімдері мәселесінде жындар дәл адамдар сияқты. Олардың араларында мұсылмандар да, яһудилер де, христиандар мен пұтқа табынушылар да бар. Олардың араларында тақуалар мен пасықтар, салиқалылар мен күнәһарлар, сүннет жолын ұстанушылар мен бидғатты ұстанушылар бар. Олар да адамдар секілді өздерінің күнәлары үшін жауапкершілікке тартылады әрі салиқалы амалдары үшін сый-сауап алады. Олар да адамдар сияқты Жәннатқа немесе Тозаққа түседі. Иман келтірген жындар мұмин адамдармен бірге Жәннатта болады, бұған Құранның «әр-Рахман» сүресінде нұсқалады. Онда Аллаһ Тағала адамдар мен жындарға арналған үндеуінде былай деген:

وَلِمَنْ خَافَ مَقَامَ رَبِّهِ جَنَّاتٍ

«Раббысының алдында тұрудан қорыққандар үшін екі жәннат бақтары бар»

(«әр-Рахман» сүресі, 46-аят).

Дінді жоққа шығарған жындар имансыз адамдармен бірге болады. Аллаһ Тағала Тозақты адамдар мен жындардан болған кәпірлерді, күнәһар және қылмескерді азаптау үшін жаратқан. Құранда былай деп айтылған:

وَلَقَدْ ذَرَأْنَا لِجَهَنَّمَ كَثِيرًا مِّنَ الْجِنِّ وَالْإِنسِ ۖ لَهُمْ قُلُوبٌ لَا يَفْقَهُونَ بِهَا وَلَهُمْ أَعْيُنٌ لَا يُبْصِرُونَ بِهَا وَلَهُمْ آذَانٌ لَا يَسْمَعُونَ بِهَا ۚ أُولَٰئِكَ كَالْأَنْعَامِ بَلْ هُمْ أَضَلُّ ۚ أُولَٰئِكَ هُمُ الْغَافِلُونَ

«Рас, Тозақ үшін де көптеген жындар мен адамдар жараттық. Олардың жүректері бар, алайда олар сол (жүректерімен ақиқатты) түсінбейді.

Олардың көздері бар, бірақ сол (көздерімен ақиқатты) көрмейді. Және олардың құлақтары бар, бірақ сол (құлақтарымен ақиқатты) естімейді. Олар мал тәрізді, тіпті одан да ары адасуда. Міне солар мүлде ғапыл-қаперсіздер»

(«әл-Әғраф» сүресі, 79-аят).

Кейбіреулер егер жындар оттан жаратылған болса, қалайша Тозақ отымен жазаланады деп таң қалады?

Біріншіден, мұсылман адам Аллаһтың Аса Құдіретті екеніне иман келтіруі керек.

Екіншіден: иә, жындар оттан жаратылған, бірақ қазір олар от емес, дәл осы секілді адам әуелде топырақтан жаратылған болса да, алайда қазір ол топырақ емес. Ол қан, сүйектер, бұлшық еттер, тағы сол сияқты ағза мүшелерінен құралған.

Үшіншіден: Тозақта адам төзгісіз ыстық қана емес, адам төзгісіз аяз да бар, сондықтан Жәннат тұрғандары туралы: «...олар Жәннатта аптапты да, аязды да көрмейді», - деп айтылған.

Төртіншіден: балшықтан жаралған адам балшықпен азаптала алмайды ма? Әрине азаптала алады! Егер оны құрғақ саздан жасалған таспен ұрса, бұл оның көңілінен шығуы екіталай. Жындармен де дәл осындай жағдай.

Құран жындар үшін де, адамдар үшін де басшылық па және Мұхаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланың жындарға да, адамдарға да жіберген елшісі ме? Иә, бұған еш күмән жоқ. Бұған көптеген дәлелдер нұсқайды. Бұған көз жеткізу үшін көптеген жындардың Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Құран оқығанан тыңдап, дінді қабылдап, оған ергенін білу жеткілікті. Құранда былай деп айтылған:

وَإِذْ صَرَفْنَا إِلَيْكَ نَفَرًا مِّنَ الْجِنِّ يَسْتَمِعُونَ الْقُرْآنَ فَلَمَّا حَضَرُوهُ قَالُوا أَنصِتُوا ۖ فَلَمَّا قُضِيَ
وَلَّوْا إِلَىٰ قَوْمِهِمْ مُنْذِرِينَ

قَالُوا يَا قَوْمَنَا إِنَّا سَمِعْنَا كِتَابًا أُنزِلَ مِنْ بَعْدِ مُوسَىٰ مُصَدِّقًا لِّمَا بَيْنَ يَدَيْهِ يَهْدِي إِلَى الْحَقِّ
وَأِلَىٰ طَرِيقٍ مُّسْتَقِيمٍ

«Сол уақытта саған жындардан Құран тыңдайтын бір топты келтірген едік. Олар жетіп келген сәтте: «Үндемей тыңдаңдар», - десті. Сонда (Құранның) оқылуы біткен кезде, олар өз елдеріне ескертуші болып қайтты. Олар: «Әй еліміз! Шын мәнінде біз Мусадан кейін түсірілген, алдыңғыны растаушы, сондай-ақ шындыққа әрі тура жолға салатын бір Кітап тыңдадық», - деді»

(«әл-Әһқаф» сүресі, 29-30 – аяттар).

Қараңыз: жындар Құранды естіп, кейін руластарына барып, оларды таухидке, иманға, жақсылыққа, бақытқа шақырды.

Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әр жерден жындар өкілдері келген еді. Пайғамбар оларға Құран оқып, Аллаһ Тағала үйреткенін үйретті. Бүгін де жындардың арасында діни уағыздар мен сабақтарға қатысатындар бар, олардың кейбіреулері тура жолға түсіп, басқалары адасуды қалады. Яғни барлығы адамдардағы секілді.

Жоғарыда айтылғандай, жындар біздің көздерімізден жасырын әлем. Олар бізді көреді, бірақ біз оларды көрмейміз. Аллаһ Тағала шайтан мен оның тектестері жайлы былай деген:

إِنَّهُ يَرَاكُمْ هُوَ وَقَبِيلُهُ مِنْ حَيْثُ لَا تَرَوْنَهُمْ

«Өйткені, ол және оның сыбайластары, сендер оларды көрмеген жерден көреді»

(«әл-Әғраф» сүресі, 27-аят).

Жындарға адамдарда жоқ кейбір қабілеттер берілген, мысалы, таңғажайып жылдамдықпен қозғалу әрі ұзақ қашықтыққа өте ауыр заттарды алып өту. Құранда Сулейман пайғамбарға Саба патшайымының үлкен тағын өте қысқа мерзімде,

ол

жиналысын аяқтап, орнынан тұрғанына дейін Йеменнен Иерусалимге көшіруге уәде берген Ифрит жын жайлы хабарланады.

Жындар өте биік қашықтыққа көтеріле алады, сондықтан олар ғарышта адамдардан бұрын болған. Бірақ олар үшін қатаң шектеулер білгіленгенін және олар одан әрі көтеріле алмайтынын атап өткен жөн.

Жындардың келбеті қандай? Біз бұл туралы тек Аллаһтың бізге айтқанынан ғана біле аламыз. Құран мен Сүннет мәтіндерінен жындардың көзі, жүрегі, құлағы, тілі және қолы бар екенін білеміз.

Шайтандардың сыртқы түріне келсек, ол жиіркенішті. Сондықтан да Аллаһ Тағала Тозақтың түбінен өсетін, тозақ тұрғындары қоректенетін Зәккум ағашының жемістері туралы баяндай отырып, бұл жемістердің шайтандардың бастарына ұқсайтынын айтқан. Сондай-ақ пәк Сүннетте шайтанның екі мүйізі бар екені хабарланады.

Жындар өздерінің бастапқы түрінен басқа пішінге ие бола ма? Иә, олар адам кейпін, жылан, қара ит, түйе, есек, мысық және басқа кейптерде бола алады.

Жындардың адам кейпіне ену қабілетін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде Абу Хурайра есімді сахабасымен болған оқиға дәлелдейді. Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған Рамазан айының соңында кедей-кепшіктерге тарату үшін жиналған азық-түлікті (яғни пітір садақасын) күзетуді бұйырды. Сонда түнде бір адам келіп, тамақты уыстармен жинай бастады. Абу Хурайра оны ұстап алып, оны Аллаһтың Елшісіне апаруын ант етті, бірақ ол өзінің көп балалы және мұқтаж екенін айтып шағымдана бастады. Сонда Абу Хурайра оны жіберді, таңертен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Әй Абу Хурайра! Кеше сенің тұтқының не істеді?»**, - деп сұрады. Абу Хурайра: «Уа Аллаһтың Елшісі! Ол өзінің қатты мұқтаждығы жайлы шағымданып, балалары бар екендігін айтты, мен оны аяп, жібердім», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Ол саған өтірік айтты, ол қайтып келеді»**, - деді. Келесі түні Абу Хурайра ұрыны күте бастады, өйткені оған оның қайтып келетінін Аллаһтың Елшісінің өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтты ғой. Көп ұзамай ол шынымен де келді және қайтадан өзіне тамақ ала бастады. Абу Хурайра оны қайтадан ұстап алды, ол одан тағы да бастауын өтінді, ол оны қайтадан

аяды. Таңертен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан қайтадан тұтқын жайлы сұрады және оның қайтып келетінін хабарлады. Үшінші түні, ол қайтып келгенде, Абу Хурайра оны ұстап: «Енді мен сені Аллаһтың Елшісіне апарамын, сен қайтып келмейтіндігіңді сендіріп айтасын да, кейін қайтып келесің!», - деді. Сонда әлгі жын Абу Хурайраға: «Мені жібер, мен саған Аллаһ Тағала оларды сен үшін пайдалы ететін сөздерді үйретемін!» - деді. Сосын ол оған ұйықыға жатқанда «Аят әл-Курсиді» оқыса, онымен бірге Аллаһтан бір қорғаушы болатынын және шайтан таң атқанша оған жақындамайтынын үйретті. Абу Хурайра оны жіберді, кейін Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, оған түнгі тұтқынның үйреткен сөздерін айтты. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны тыңдап болған соң: *«Ол өтірікші болса да, саған шындықты айтты! Уа Абу Хурайра! Сен осы үш түнде кіммен сөйлескеніңді білесің бе?»*, - деп сұрады. Абу Хурайра: «Жоқ», - деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Ол шайтан еді»*, - деді.

Осы оқиғадан біз жындар адам кейпін қабылдай алады деген қорытындыға келеміз. Сондай-ақ бұл хадистен біз тағы да бір маңызды қорытынды жасауымызға болады: жындар қандай да бір кейіпті қабылдап, тұтқынға түскенде, бұрынғы қалпына орала алмайды. Абу Хурайра адам кейпін алған ұры жынды ұстағанда, ол жын болып бұрынғы кейпіне орала алмайды.

Жындардың ит кейпін қабылдай алатындығына дәлел Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адам намаз оқып тұрғанда өз алдына тосқауыл (сутра) қоймаса, қара ит оның алдынан өтіп, намазын бұзады деген хадисі. Адамдар одан неліктен, мысалы, қызыл немесе сары емес, дәл қара ит екенін сұрағанда, ол: *«Қара ит – шайтан»*, - деп жауап берді.

Неліктен шайтандар көбінесе қара ит немесе мысық кейпін алады? Өйткені қара түс өзіне ыстықты қамтиды әрі шайтандық күшті жақсырақ сақтайды.

Жындардың жылан кейпін қабылдай алуы мүмкін екендігінің дәлелі – бірде бір жас сахабаның үйіне оралған кезінде өзінің әйелін үйге кіре алмай сыртта тұрғанын көргені туралы белгілі оқиға. Оның осыған қынжылғанын көрген әйелі оған: «Үйге кір де, мені үйден не нәрсе шығарғанын қарашы», - деді. Ол ішке кіргенде, төсекте оралып жатқан үлкен жыланды көрді. Ол оған жүгіріп барып, оны найзамен өлтірді және өзі де бірден қайтыс болды. Жыланның ба, оның ба, кімнің тезірек өлгені белгісіз болды. Өйткені бұл жылан жын болды және

оның туыстары жас жігіттен кек алды. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оқиға туралы айтылғанда, ол адамдарға үйлерінің ішінен жылан табылса, одан үш күн бойы үйден шығуды талап ету керектігін, ол үш күннен кейін кетпесе, оны өлтіруге болатындығын айтқан. Неліктен жыланды ескерту қажет? Өйткені бұл жылан жын болып шығуы мүмкін, ал егер ол мұмин болса, онда өтінішті естіп, міндетті түрде үйден кетеді.

Жындар болашақты біледі ме? Әрине жоқ. Өкінішке орай, бүгін жындар ғайыпты да, болашақты да біледі деп санайтын білімсіздер көп. Осылайша ойлап, олар бақсы-балгерлерге, яғни жындармен, шайтандармен байланысы бар адамдарға барып, болашақты немесе құпия білімге қатысты әлдебір нәрсе білгісі келіп, сұрақ қояды. Шайтандар - өтірікшілер. Олар дәл өздеріндей өтірікші болып табылатын сиқыршылар мен көріпкелдерге келіп, оларға бірдеңелерді хабарлайды. Олар бұл жаңалыққа жүз өтірік қосып, оны өздеріне келіп сұрақ қоятын ақымақ, надандарға жеткізеді. Кейде бұл көріпкелдердің айтқандары шындыққа айналады, бірақ бұған алдануға болмайды, өйткені бұл Жаратушының, кім сиқыршылар мен көріпкелдерге ілеседі, ал кім Жаратушының адал құлы болатындығын ашып көрсетуге арналған сынағы ғана. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ أَتَى كَاهِنًا أَوْ عَرَّافًا، فَصَدَّقَهُ بِمَا يَقُولُ، فَقَدْ كَفَرَ بِمَا أُنْزِلَ عَلَى مُحَمَّدٍ

«Кімде-кім көріпкел мен балгерге келіп, оның айтқанын сенсе, сол Мұхаммадқа түсірілгенге (яғни Құранға) иман келтірмеген болады»

(хадисті Ахмад, 9536; Абу Дауд, 3904 және әт-Тирмизи, 135 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих уә әт-тархиб» еңбегінде сенімді деп атаған, 3047).

Аллаһ Тағала Сулейман пайғамбарға (ғаләйһи-с-сәләм) жындардың үстінен билік берді. Олар оған бағынышты болған және одан қорқып, әртүрлі ауыр жұмыстарды атқарған. Бір күні оның алдында жындар жұмыс істеп жатқанда Сулейман таяғына сүйеніп тұрды. Осы кезде Аллаһ Сулейманға өлім жіберді. Ол қайтыс болды, бірақ таяғына сүйенгендіктен құламады. Жындар оны тірі деп ойлап, жұмысын жалғастыра берді. Жерден шыққан жәндік оның таяғын жонып, Сулейманның денесі құлағанда жындар әлдеқашан өлген адамнан қорыққандарын сонда ғана түсінді. Осылайша Аллаһ Тағала жындардың ғайыпты білмейтіндігін көрсетіп, олардың абыройларын түсірді. Өйткені қасында

тұрған адамның өлгенін білмеген жындар, болашақ пен жасырын нәрселерді тіпті біле алмайды.

Осының бәрін білген саналы адам бақыстарға, көріпкелдер мен балгерлерге барады ма?

Жындар қоректенеді ме? Иә! Бұған дәлел Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына хадисі: *«Сендерден біреу тамақ жесе, оң қолымен жесін, ішсе, оң қолымен ішсін, өйткені шайтан сол қолымен жейді және сол қолымен ішеді».*

Басқа дәлел: Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әжетін өтеген адамдарға сүйектермен сүртінуге тыйым салып, сүйектердің жындарға тағам екендігін түсіндірді.

Тағы бір дәлел, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздері: *«Адам өз үйіне кірген кезде және тамақтан бұрын Аллаһтың атын зікір етсе, шайтан (өзінің жолдастарына): «Бүгін сендер үшін түнеу те, кешкі ас та жоқ», - деп айтады. Адам үйіне кіріп, кірген кезінде Аллаһты зікір етпесе, шайтан: «Сендер үшін түнеу бар», - деп айтады, ал егер бұл адам тамақ алдында Аллаһты зікір етпесе (яғни «БисмиЛләһ» деп айтпаса), шайтан: «Бүгін сендер үшін түнеу де, кешкі ас та бар», - деп айтады».*

Демек, егер адам Аллаһтың есімін есіне алмаса, шайтан онымен бірге тамақтанады, онымен бірге ұйықтайды, тіпті онымен бірге оның әйелімен төсектік қатынасына да қатысады. Аллаһтан қуылған шайтанның кесірінен пана сұраймыз.

Адамзаттың қас жауы

Ібіліс – жындардан да, адамдардан да болған барлық шайтандардың, оларды Тозақ отына кіргізетін басшысы.

Жындардан болған шайтандарға келсек, Ібіліс олар үшін жәй ғана басшысы емес, олардың бабасы, арғы атасы.

Ібіліс пен адам арасындағы дұшпандық қашан басталды? Адам атамыз жаратылған алғашқы минуттан бастап. Аллаһ Тағала Адамды балшықтан жаратып, сосын оған Өзі жаратқан рух үрледі. Содан кейін ол адамзаттың арғы атасы мен негізін салушыға құрмет көрсету үшін барлық періштелерге жаңа ғажайып жаратылысты бас иіп, сәждемен қарсы алуды бұйырды. Ол кезде періштелердің арасында Ібіліс те болған еді. Ол бір сәтке де періште болмаған, ол

жын еді, алайда оған періштелермен бірге болуға және олармен бірге Жаратушыға құлшылық етуге рұқсат етілген болатын. Осылайша, Аллаһтың әмірін естіген періштелер, яғни Жаратушымыздың мойынсұнғыш, пәк құлдары бірден сәждеге бас иіп жығылды. Тек Ібіліс қана Аллаһтың бұйрығын орындаудан бас тартты. Ібіліс Адам (ғаләйһи-с-сәләмға) сәжде жасауды өзінің қадір-қасиетінен төмен деп санады, сөйтіп ол өзінің тәкаппар, менмен, көреалмаушы болмысын паш етті.

Ол: «Мен топырақтан, балшықтан жаратылығанға қалайша бас иемін? Мен одан жақсымын, өйткені мен Оттан жаратылғанымын», - деп, Жаратушысына наразылық пен мойынсұнбаушылық білдірді. Аллаһ Тағала бізге бұл жағдай жайлы Құранда баяндап, былай деген:

إِذْ قَالَ رَبُّكَ لِلْمَلَائِكَةِ إِنِّي خَالِقٌ بَشَرًا مِّن طِينٍ
فَإِذَا سَوَّيْتُهُ وَنَفَخْتُ فِيهِ مِن رُّوحِي فَقَعُوا لَهُ سَاجِدِينَ
فَسَجَدَ الْمَلَائِكَةُ كُلُّهُمْ أَجْمَعُونَ
إِلَّا إِبْلِيسَ اسْتَكْبَرَ وَكَانَ مِنَ الْكَافِرِينَ

«Сол кезде Раббың періштелерге: «Мен балшықтан бір адам жаратамын», - деді. Қашан мен оны жасап, оған рухымнан үрлеген сәтте, оған сәждеге жығылыңдар (делінді). Сонда періштелердің барлығы түгел сәжде етті. Бірақ Ібіліс сәжде етпей тәкаппарланып, кәпірлерден болды»

(«әс-Сод» сүресі, 71 – 74 – аяттар).

Тәкаппарлық пен көреалмаушылық Ібілістің Аллаһтың әміріне мойынсұнуына және Адамға иіліп сәлем беруіне кедергі болды және мұның жазасы ретінде оған мәңгілік қарғыс жауды. Міне, осыда менмендік пен көреалмаушылықтың нендей қауіпті екеніне нұсқау бар. Өйткені олар кез-келгенді осындай өкінішті нәтижеге әкелуі мүмкін. Аллаһ Тағала Ібілісті Жәннаттан масқара етіп, қуып шығарып, оған былай деді:

فَاهْبِطْ مِنْهَا فَمَا يَكُونُ لَكَ أَنْ تَتَكَبَّرَ فِيهَا فَاخْرُجْ إِنَّكَ مِنَ الصَّاغِرِينَ

«Ендеше одан (Жәннаттан) түс. Сенің онда менменсінуіңе болмайды.

Дереу шық, расында, сен қор болушылардансың»

(«әл-Әғраф» сүресі, 13-аят).

Ол сондай-ақ былай деген:

اُخْرِجْ مِنْهَا مَذْءُومًا مَّدْحُورًا لِّمَن تَبِعَكَ مِنْهُمْ لَأَمْلَأَنَّ جَهَنَّمَ مِنْكُمُ أَجْمَعِينَ

«Одан (Жәннаттан) қорланып қуылған түрде шық. Әрине, кім саған ілессе, онда сендердің барлықтарыңмен Тозақты толтырамын»

(«әл-Әғраф» сүресі, 18-аят).

Ібіліс Аллаһтың алдында тәубе етіп, кешірім сұрады ма?! Жоқ. Ол өзінің қарғысқа ұшырап, Аллаһтың мейірімінен де, Жәннаттан да алыстатылғанын түсініп, өзі үшін Аллаһтан Қиямет күніне дейін уақыт (мұрша) беруін сұрады. Ол:

رَبِّ فَأَنْظِرْنِي إِلَى يَوْمِ يُبْعَثُو

«Раббым! Онда қайта тірілетін күнге дейін маған мұрша бер»

(«әс-Сод» сүресі, 79-аят).

– деді. Яғни ол: «Мені ақырзаман, Қиямет күніне дейін тірі қалдыр», - деп өтінді. Аллаһ Тағала Өзінің дана жоспары бойынша оның өтінішін орындап, оған Қияметке дейін өмір сүріп, өлмеуіне мүмкіндік, уақыт берді.

Ібіліс не себепті қосымша уақыт сұрады? Неліктен соншалықты ұзақ өмірді тіледі? Жоқ, тәубе ету немесе айыбын түзету үшін де, Жаратушының алдындағы күнәсін өтеу үшін де емес. Бұған оны тек Адамнан кек алу ниеті ғана итермеледі, оның ойыныша, ол дәл сол Адамның кесірінен ғана Жәннат пен ондағы биік дәрежеден айырылды. Оны осыған Адам мен оның ұрпағын өзінің басына түскен тағдырға ұшыратқысы келетін қызғаныш пен көреалмаушылық сезімі итермеледі. Ол Адам мен оның ұрпақтарының да өзі сияқты мәңгілікке қайғы-қасірет пен қарғысқа ұшырауын көкседі. Олар да күпірлікке, күнә мен пасықтыққа батсын, олар да бақыт мекені – Жәннаттан айырылсын, Олар да Тозақтың мәңгілік азабына кірсін деді. Міне, Ібілістің қалауы осы болды! Ібіліс Жәннаттан қуылып, Аллаһтың мейірімінен алыстаған кезде, дәл сол уақытта Аллаһ Тағала Адам мен оның әйелін Жәннатқа қоныстандырды. Аллаһ Тағала Адам атаға былай деді:

يَا آدَمُ اسْكُنْ أَنْتَ وَزَوْجُكَ الْجَنَّةَ وَكُلَا مِنْهَا رَغَدًا حَيْثُ شِئْتُمَا وَلَا تَقْرَبَا هَذِهِ الشَّجَرَةَ

فَتَكُونَا مِنَ الظَّالِمِينَ

«Әй Адам! Сенде де, жұбайың да Жәннатта тұрыңдар. Онда ерікті түрде қалағандарыңша жеңдер, алайда мына ағашқа жоламаңдар. Әйтпесе залымдардан боласыңдар»

(«әл-Бақара» сүресі, 35-аят).

Аса Мейірімді Жаратушымыз Адам ата мен Хауа ананы Жәннатқа орналастырған сәтте, оларды дұшпандары Ібілістің айла-амалдарынан сақтандырып, мынадай сөздермен ескертті:

يَا آدَمُ إِنَّ هَذَا عَدُوٌّ لَّكَ وَلِزَوْجِكَ فَلَا يُخْرِجَنَّكَ مِنَ الْجَنَّةِ فَتَشْقَى

«Уа Адам! Күдіксіз осы (Ібіліс) саған да, жұбайыңа да дұшпан. Екеуіңді Жәннаттан шығарып жібермесін. Сонда машақат тартасыңдар!»

(«Та-Ха» сүресі, 117-аят).

Жек көрушілік пен көреалмаушылыққа бой алдырған Ібіліс, Адам атадан қалай кек алуды, оны Аллаһқа мойынсұнбауға қалай көндіріп, оны қалай бақытсыз етуге болатынын ойлап, айла тапты. Ол өзін Адам атаға амандық пен сәттілік тілейтін ақ ниетпен насихат жасаушы ақылшы, жақсылық тілеуші ретінде көрсетіп, атамызды алыстан азғыра бастады. Ол Адам мен Хауаға Аллаһ оларға әлгі ағашқа жақындауға тыйым салғанының себебі – олар періштелерге айналып кетпулері әрі мәңгі өмір сүрмеулері үшін, ал осы тыйым салынған тал – бұл мәңгілік таусылмайтын патшалықтың ағашы деп ант етіп, оларды осыған сендіре бастады.

Ібіліс қалағанына жетті. Адам мен оның әйелі тыйым салынған ағаштың жемісін жеп, күнә жасады. Олар осы күнәні жасаған кезде, олардың үстінен Жәннатта киген нұрдан жасалған киімдері түсіп қалып, ұятты жерлері ашылды әрі бұл олардың жүректерінен тақуалық киімінің түсіп қалғанының сыртқы көрінісі еді. Сонда Раббылары оларға:

أَلَمْ أَنْهَكُمَا عَنْ تِلْكَ الشَّجَرَةِ وَأَقُلْ لَكُمَا إِنَّ الشَّيْطَانَ لَكُمَا عَدُوٌّ مُّبِينٌ

«Мен сен екеуіңді осы ағаштан тыймап па едім? Расында, шайтан сендерге ашық дұшпан демеп пе едім?», - деді»

(«әл-Әғраф» сүресі, 22-аят).

Адам мен оның әйелі Аллаһтан кешірім сұрап, тәубе етіп, былай деді:

رَبَّنَا ظَلَمْنَا أَنْفُسَنَا وَإِنْ لَّمْ تَغْفِرْ لَنَا وَتَرْحَمْنَا لَنَكُونَنَّ مِنَ الْخَاسِرِينَ

«Раббымыз, біз өз жандарымызға зұлымдық істедік. Егер Сен бізді кешіріп, рахым етпесең, әлбетте зиян шегушілерден боламыз»

(«әл-Әғраф» сүресі, 23-аят).

Олар, Ібілістен ерекше, шын жүректен тәубе етті және Аллаһ олардың тәубесін қабыл алды. Алайда Ол Ібілісті де, Адам мен оның әйелін де жерге, олар

сол жерде өмір сүріп, бір-бірімен үнемі күресу үшін түсірді. Аллаһ Тағала Адам мен оның әйеліне және Ібіліске былай деген еді:

اٰمِطُوْا بَعْضُكُمْ لِبَعْضٍ عَـدُوًّا وَلَكُمْ فِى الْاَرْضِ مُسْتَقَرٌّ وَمَتَاعٌ اِلٰى حِيْنٍ

«Бір-біріңе жау болып, түсіндер. Сендер үшін жер жүзінде тұрақ және бір мезгілге дейін пайдалану бар»

(«әл-Бақара» сүресі, 36-аят).

Сондай-ақ Ол былай деді:

فِيْهَا تَحْيَوْنَ وَفِيْهَا تَمُوْتُوْنَ وَمِنْهَا تُخْرَجُوْنَ

«Ол жерде тіршілік етесіңдер де, ол жерде өлесіңдер. Және ол жерден қайта шығарыласыңдар»

(«әл-Әғраф» сүресі, 25-аят).

Бұл жер – біздің планетамыз, онда бір жағынан Ібіліс пен оның әскері, екінші жағынан Адам ұрпақтары арасында шайқас жүруде. Ол шайқас біз жоғарыда атап кеткен оқиғадан басталған болатын, әрі адамзат жер бетінде тіршілік еткенге яғни Қияметке дейін жалғаса береді. Адам өзіне қарсы соғысты бір сәтке де тоқтатпайтын қас жауы бар екенін білуі керек. Аллаһ Тағала Мейірімді, Рахымды әрі Жанашыр, Ол бізге елшілерін жіберіп, Өзінің Кітаптарын, олардың ішінде соңғы Кітабы Құранды түсіріп, онда бізді дұшпанымыздан сақтандырды. Ол бізге оның (Ібілістің) әдістері мен айдалары жайлы, оның бізге қатысты мақсаттары жайлы хабарлап, оның торларына түспеу үшін, айдаларынан зардап шекпеу және онымен күресуде жеңу үшін не істеу керектігін үйретті.

Аллаһ Тағала былай деді:

يَا بَنِي آدَمَ لَا يَفْتِنَنَّكُمُ الشَّيْطَانُ كَمَا اَخْرَجَ اَبَوَيْكُمْ مِّنَ الْجَنَّةِ

«Әй адам баласы! Шайтанға, ол ата-бабаларыңды Жәннаттан шығарғаны сияқты, сендерді де азғыруына жол бермеңдер»

(«әл-Әғраф» сүресі, 27-аят).

Ол тағы былай деген:

اِنَّ الشَّيْطَانَ لَكُمْ عَدُوٌّ فَاتَّخِذُوْهُ عَدُوًّا اِنَّمَا يَدْعُوْ حِزْبَهُ لِيَكُوْنُوْا مِنْ اَصْحَابِ السَّعِيْرِ

«Расында, шайтан сендерге дұшпан. Ендеше оны дұшпан тұтыңдар. Шын мәнінде шайтан өз тобын Тозақтықтардан болуға шақырады»

(«әл-Фатыр» сүресі, 6-аят).

Аллаһ бізді ескертті, сондықтан да бізде ешқандай ақтау жоқ, ал адам шайтанның шақыруына жауап беріп, оған құлшылық етсе, Қиямет Аллаһ Тағаланың сөгісін естиді, бұл жайды «Ясин» сүресінде былай деп хабараланады:

أَلَمْ أَعْهَدْ إِلَيْكُمْ يَا بَنِي آدَمَ أَنْ لَا تَعْبُدُوا الشَّيْطَانَ إِنَّهُ لَكُمْ عَدُوٌّ مُبِينٌ
وَأَنِ اعْبُدُونِي هَذَا صِرَاطٌ مُسْتَقِيمٌ

«Әй адам баласы! Сендерге: "Шайтанға табынбаңдар. Әрине ол сендерге ашық дұшпан", - деп, серт бермедім бе? Маған құлшылық етіңдер. Тура жол осы! Расында, ол сендерден көптеген топты адастырды. Сонда да түсінбейсіңдер ме?»

(«Я Син» сүресі, 60-62 – аяттар).

Шайтан жерге түскен бойдан бірден адамзатқа қарсы күресу үшін бар мүмкіндіктері мен күштерін дайындай бастады. Ол Адам атаның ұрпақтарына соғыс ашқанын ашық жариялады. Аллаһ Тағала Құранда Ібілістің былай дегенін хабарлаған:

فَبِمَا أَغْوَيْتَنِي لَأَقْعُدَنَّ لَهُمْ صِرَاطَكَ الْمُسْتَقِيمَ
ثُمَّ لَآتِيَنَّهُمْ مِّنْ بَيْنِ أَيْدِيهِمْ وَمِنْ خَلْفِهِمْ وَعَنْ أَيْمَانِهِمْ وَعَنْ شَمَائِلِهِمْ وَلَا تَجِدُ أَكْثَرَهُمْ
شَاكِرِينَ

«Ендеше, мені қаңғыртқаның себепті әлбетте мен де оларға қарсы Сенің тура жолыңда отырып аламын. Содан соң оларға алды-артынан, оң-солынан келемін де, олардың көбін шүкір етушілерден таппайсың»

(«әл-Әғраф» сүресі, 16-17 – аяттар).

Адам Аллаһтың разылығы үшін әлдебір іс істегісі келген бойда, шайтан бірден оның алдынан шығып, оны игі ісінен қайтаруға тырысады. Ол оны намаздан, Құран мен Сүннетті оқып үйренуден, пайдалы діни ілім алудан, айналадағы адамдарды жақсылыққа шақырудан қайтарады. Алайда сіз күнә жасауды ойлаған бойда, ол сізді бірден соған қызықтырып, азғыра бастайды. Шайтан адамдарға зұлымдық жасап, оларды жамандыққа шақыруға ант етті. Ол күпірлікке және әртүрлі жиіркенішті істерге шақыруында шаршауды білмейді.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисінде шайтанның былай деп айтқаны хабарланады:

إِنَّ الشَّيْطَانَ قَالَ: وَعِزَّتِكَ يَا رَبِّ, لَا أَبْرَحُ أُغْوِي عِبَادَكَ مَا دَامَتْ أَرْوَاحُهُمْ فِي أَجْسَادِهِمْ,

فَقَالَ الرَّبُّ تَبَارَكَ وَتَعَالَى: وَعِزَّتِي وَجَلَالِي, لَا أَزَالُ أَغْفِرُ لَهُمْ مَا اسْتَغْفَرُونِي

«Уа Раббым! Құдіретіңмен ант етемін, мен құлдарыңды, олардың жандары денелерінде болғанша тура жолдан тайдыруды тоқтатпаймын». Аса Берекелі әрі Жоғары Раббы: «Өзімнің Құдіретім және Ұлылығыммен ант етемін, олар Менен кешірім сұрағанша, оларды кешіруді тоқтатпаймын», - деп жауап берді»

(хадисті Ахмад, 11237, 76; Абу Яғлә, 1399 және әл-Хаким, 7672 жеткізді; әл-Әлбани оны «Сахих әл-жамиғ әс-сағир» еңбегінде сенімді деп атаған, 1650).

Демек, сіз бен осы жауыңыздың арасындағы бұл күрес өміріңіздің соңғы сәтіне дейін, жаныңыз тәніңізден шыққанша жалғаса береді. Егер жаныңыз денеңізден мүмин, игі әрі салиқалы болып шықса, онда сіз Аллаһтың мейірімімен бұл күресте жеңіске жеттіңіз. Бірақ шайтан сізді өлім төсегінде де жалғыз қалдырмайтынын біліңіз. Ол сізді кәпір ету, иманнан айыру, Исламды, «Лә иләһа иллә-Ллаһ уә Мухаммаду расулу-Ллаһ» сөздерін тастауыңыз үшін соңғы әрекеттерін жасап, бар күш-жігерін салады. Ол мұны сіз бұл дүниені Аллаһ Тағаладан басқаға құлшылық етіп, Оның елшісі Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) діні мен жолын тастап кетуіңіз үшін жасайды.

Өлім тұсында, ажал жанталасын шегіп жатқан адам әлсіз болады. Егер осы, яғни өміріңіздің соңғы сәтінде Аллаһ сізді қуаттамаса, тура жолдан таясыз. Әсіресе, сіз өмір бойы Құранды дұрыс ұстанбай, дінге, бірқұдайшылыққа, намазға байыпсыз әрі салғырт қараған әрі өмір бойы өз қалауларыңыз бен құмарлықтарыңызға ерген болсаңыз.

Исламның ұлы ғұламасы әрі өте салиқалы кісі болған имам Ахмад ибн Хәнбәл өлім тұсында жатқан кезде, баласы оған: «Әке, «Лә иләһа иллә-Ллаһ» («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ») деп айтыңыз», - деді. Имам өлім тұсында жатып: «Жоқ, жоқ, жоқ», - деді. Сол сәтте оның ұлының қалай таң қалғанын ойлаңыз. Ол әкесінен таухид, бірқұдайшылық сөздерін айтуын сұрап жатыр, ал ол болса жауап ретінде «Жоқ» дегенді естіп тұр. Біраз уақыт өте келе имам есін жиып, ал ұлы оған: «Уа әкешім, мен сізге: «Лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздерін айтыңыз дедім, ал сіз: «Жоқ, жоқ, жоқ», - деп жауап бердіңіз. Сонда имам: «Мен бұны саған емес, шайтанға айтқан болатынмын. Маған шайтан келіп: «Міне Ахмад, сен менен құтыла алдың», - деп айта бастады, ал мен оған: «Жоқ,

жоқ, жоқ. Әлі де жоқ», - деп жауап бердім», - деп түсіндірді. Яғни менің жаным денемнен кетпей тұрғанда, мен өзімді сенің айлаларың мен азғыруларыңнан қауіпсіз санай алмаймын. Қараңызшы, шайтан тіпті имам Ахмад секілді мұсылмандардың ұлы имамының өмірінің соңғы сәттерінде жалғыз қалдырығысы келмей, оны иманнан тайдыруға тырысты.

Ендеше біз өзіміз үшін қалайша уайымдамай отыра аламыз?! Аллаһ бізді кешіріп, мейіріміне бөлесін! Шайтандар адамды өмір сүру барысында да, өлім алдындағы сәттерінде де қалдырмайды. Олар біздің өз өмірлерімізді нашар, мұсылман емес хәлімізде аяқтауымызды қалайды.

Ібіліс ақырзаманға дейін өмір сүреді және ол бізге қарсы соғысты жеке өзінің басшылығымен жүргізеді. Ол бізге қарсы адамдар мен жындардан болған шайтандар әскерін жібереді. Ол нені қалайды? Оған жерде де, мал-мүлік те, бұл дүниенің игіліктерінен еш нәрсе қажет емес. Ол тек бір нәрсені, сіз өз иманыңыз бен мәңгі өміріңізді жоғалтуыңызды, онымен бірге Тозаққа кіруіңізді ғана қалайды және ол осы үшін бар күш-жігерін аямай, адамдарды күндіз-түні күпірлікке пен көпқұдайшылыққа, яғни Аллаһқа серік қосуға шақырады.

Хадисте Аллаһ Тағаланың былай дегені хабарланады: «Мен Өзімнің барлық пенделерімді бірқұдайшыл етіп жараттым, бірақ оларға шайтандар келіп, оларды діннен қайтарып, Мен халал еткен нәрселерді харам етеді әрі Маған Мен бұл жайлы ешбір білім жібермеген нәрселерді серік қосуды бұйырады».

Ібіліс адамдарды көпқұдайшылыққа, күпірлікке, Аллаһтың дінін бұрмалауға шақырып, олар Аллаһқа және оның дініне өздері білмейтін нәрселерді жапсыруға шақырады. Ол оларды жиіркенішті және жаман нәрселердің барлығына шақырып, керісінше, барлық жақсылықтан ұстап қалуға тырысады. Ал ең соңында, ол адамдардың көп бөлігін өзімен бірге Тозақ отына кіргізген кезде, Сол Тозақта олардан бас тартып былай деп айтады:

إِنَّ اللَّهَ وَعَدَكُمْ وَعْدَ الْحَقِّ وَوَعَدْتُكُمْ فَأَخْلَفْتُكُمْ وَمَا كَانَ لِي عَلَيْكُمْ مِّنْ سُلْطَانٍ إِلَّا أَن
دَعَوْتُكُمْ فَاسْتَجَبْتُمْ لِي فَلَا تَلُمُونِي وَلُومُوا أَنفُسَكُمْ مَا أَنَا بِمُصْرِخِكُمْ وَمَا أَنتُمْ بِمُصْرِخِيَّ إِنِّي كَفَرْتُ
بِمَا أَشْرَكْتُمُونِ مِن قَبْلُ إِنَّ الظَّالِمِينَ لَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ

«Расында, Аллаһ сендерге шындықты уәде етті. Сондай-ақ мен де сендерге уәде еттім, бірақ уәдемді орындамадым. Негізінде, менің сендердің

үстілеріңнен ешқандай билігім жоқ еді. Мен сендерді тек шақырған болатынымын, ал сендер өздерің шақыруымды қабыл еттіңдер. Ендеше, мені сөкпеңдер, өздеріңді сөгіңдер. Мен сендерді құтқара алмаймын, сендер де мені құтқара алмайсыңдар. Расында, мен бұрыннан-ақ сендер мені Аллаһқа ортақ қосударыңнан бас тартқанмын». «Расында, залымдарға жан түршігерлік азап әзірленген»

(«Ибраһим» сүресі, 22-аят).

Ібілістің әдістері

Ібіліс адамдарға қарсы қатыгез әрі үздіксіз соғысты жеке өзі басқарады. Ол өзінің тағын суда, теңіздің ортасына орнатып, сол жерден өз әскерлерін, олар адамдарды азғырып, тура жолдан адастырып, оларға зиян тигізіп, олардың арасында пасықтық, алауыздық пен бүлік себу үшін, бірінен соң бірін аттандырып отырады. Оның сарбаздары қайтып оралғанда, ол олардан не істей алғандары туралы сұраққа тартып, ең үлкен жетістікке жеткендерін өзіне жақындатады.

Хадисте кейбір шайтандардың Ібіліске қайта оралып, оған адамдардың арасына сепкен жамандықтарын атап есебін беретіні, ал Ібіліс оларға: «Сендер түк істемепсіңдер», - деп айтатыны хабарланады. Кейін оған шайтандардың бірі оралып: «Мен бір адамды ол әйелімінен ажырасқанына дейін, яғни талақ орын алмағанға дейін азғыруымды тоқтатпадым», - дейді. Сонда Ібіліс оны өзіне жақындатып: «Міне, сен жарайсың!», - деп мақтайды.

Бірде Хасан әл-Басриге бір адам: «Ібіліс ұйықтайды ма?», - деп сұрақ қойғанда, ол: «Егер ол бір сәтке болса да ұйықтап қалғанда ғой, адамдар бір тыныш тыныс алар еді», - деп жауап берген екен. Ібіліс тынымсыз соғысады және оның зұлымдығынан Аллаһтың салиқалы құлдарынан басқа ешкім құтыла алмайды.

Ібіліс бізге қарсы соғысқанда және бізді өзінің тор-шырмауына алдап түсіруде қоладантын шайтандық әдістерді қандай екен?

Аллаһ Тағала Ібілісті Жәннатынан қуып, Өз мейірімінен алыстатқанда, ол Адам ұрпағына қарсы шайқаста қолданатын әдістерін ашық жариялап атады. Ол мына әдістер:

1. Азғыру.
2. дүниелік өмір-тіршілікті сәндеп көрсету.
3. Аллаһтың жолынан бұрып, тайдыру.

4. Адасушылыққа салу.

Демек, шайтанның бірінші әдісі: азғыру (арабша: «әл-иғуа»). Құранда Ібілістің Жәннаттан қуылған сәтте былай деп айтқаны хабарланады:

قَالَ فِعْزَتِكَ لَأُغْوِيَنَّهُمْ أَجْمَعِينَ
إِلَّا عِبَادَكَ مِنْهُمْ الْمُخْلِصِينَ

«Үстемдігіңмен серт! Әлбетте олардың барлығын азғырамын. Бірақ олардан ықыласты құлдарың ғана қалады»

(«әс-Сод» сүресі, 82-83 – аяттар).

Шайтанның адамды азғыруы бірнеше, дәлірек айтсақ, бес кезеңнен тұрады.

Ең алдымен Ібіліс адамды кәпір етуге тырысады; оны күпірлікке, көпқұдайшылыққа, Жаратушымен қатар басқа ға құлшылық етуге шақырады. Егер адам Аллаһқа, Оның Кітаптарына, пайғамбарларына, Ақырет өмірге, Жәннат пен Тозаққа күпірлік танытса, Аллаһтан басқа біреуге құлшылық ете бастаса, Аллаһтан басқаға дұғамен жалбарынса, шайтанның шақыруына жауап беріп, Исламнан алыстаса, иман мен дінді жек көре бастаса немесе сиқырмен, көріпкелдікпен және болжаумен айналысса, Ібіліс тыныштық, қанағат пен қуаныш табады, өйткені ол өзінің тобына, Тозақтықтардың тобына тағы бір мүшені кіргізе алды, Адамның ұрпақтарының бірін шайтанға айналдыра алды. Бұл шайтан үшін ең басты рахат. Құранда былай деп айтылған:

كَمَثَلِ الشَّيْطَانِ إِذْ قَالَ لِلْإِنْسَانِ اكْفُرْ فَلَمَّا كَفَرَ قَالَ إِنِّي بَرِيءٌ مِنْكَ إِنِّي أَخَافُ اللَّهَ رَبَّ
الْعَالَمِينَ

فَكَانَ عَاقِبَتُهُمَا أَنَّهُمَا فِي النَّارِ خَالِدَيْنِ فِيهَا ۖ وَذَلِكَ جَزَاءُ الظَّالِمِينَ

«Олар шайтанның мысалы сияқты: ол адамға: «Күпірлік ет», - деп айтады, ал (адам баласы) күпірлік жасағанда, ол: «Шын мәнісінде, мен сенен бас тартамын. Расында, мен әлемдердің Раббысы Аллаһтан қорқамын», - дейді. Сонда екеуінің де соңы – олар сонда мәңгі қалатын Тозаққа түсуі болады. Міне, залымдардың жазасы осындай!»

(«әл-Хашр» сүресі, 17-аят).

Егер шайтан адамды күпірлік пен көпқұдайшылыққа сала алмаса, ол азғырудың келесі сатысына өтеді, ал бұл - дінді бұрмалау және діни жаңалықтарға (бидғаттарға) шақыру. Ол адамды дінде Құранда да, Сүннетте де жоқ нәрселерді

айтуға және істеуге, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйретпеген жаңа сенімдер мен діни рәсімдерді ойлап табуға шақырады. Діни жаңалықтар (бидғаттар) Ібіліс үшін күнәлардан да сүйіктірек, адамдар Аллаһтың дініне жаңалықтар еңгізіп, оны бұрмалай бастағанда, бұл оған өте үлкен қуаныш сыйлайды. Бұл Ібіліске зинақорлықтан да, маскүнемдіктен де, ұрлық және басқа да күнәлардан ұнамдырақ, өйткені осылайша ол адамдарды Аллаһтың пайғамбары көрсеткен тура жолдан тайдырады. Сондай-ақ күнә жасаған адам өзінің жамандық жасап жатқанын біліп, тәубеге келуі мүмкін болса, діни жаңалыққа ерген адам өзінің жамандық жасап жатқанын түсінбейді, ол өзін жақсылық істеп жатырмын деп сенеді, сондықтан аз тәубе етеді. Ол өзінің дұрыстығына сенімді күйде, өзі ұстанған жаңадан ойлап тапқан діни жолдарды қорғап, басқаларды соған шақырады. Діни жаңалық Аллаһқа тіпті үлкен күнәлардан да жиіркенішті, сондықтан да Аллаһ Тағала Қиямет күні діни жағалық – бидғаттарға ергендердің беттерін қап-қара етеді. Міне, осы себептен шайтан бізді осы жолға түсіруге тырысады.

Егер ол мұны жасай алмаса, онда келесі, үшінші кезеңге өтеді: яғни ол адамды үлкен күнәларға шақыра бастайды. Ол адамды зинақорлыққа, өсімқорлыққа және қарыз несиесіне, арақ пен есірткі қолдануға, ата-анаға құрметсіздік танытуға, таразыдан жеуге, алдауға, парақорлыққа, ұрлыққа және басқа да үлкен күнәларға, ол соған түсіп, опат болуы үшін, шақырады. Егер ол адамды бұл жолмен де азғыра аламаса, онда ол төртінші кезеңге өтеді. Бұл кезеңде ол бізді кіші күнәларға шақырады. Ол кішкентай күнәларды біз оларды жеңіл жасап, олардың қауіпін сезінбеуіміз үшін елеусіз нәрсе ретінде көрсетуге тырысады. Ол: «Қорықпа, бұл кіші күнә немесе күнә да емес, жәй ғана мақрух, жағымсыз амал; оны жасай бер, бастысы үлкен күнәлардан аулақ болу», - деп алдайды. Осылайша ол адамды тыныштандырады да, сөйтіп ол кіші күнәларды жеңіл әрі ардайым жасайтын болады. Ал шын мәнінде кіші күнәлар өте қауіпті, олар жинақталып, адамды рухани опат болуға әкелуі мүмкін. Алып асқар тауларға қарап, олардың неден жасалғаны туралы ойлаңызшы. Ұсақ тастар мен құм түйірлерінен емес пе?! Жалындаған отқа қараңызшы, ол неден басталады? Кішкентай ұшқындардан емес пе?! Сондықтан да: «Егер адам кіші күнәларды жиі жасай беретін болса, олар үлкенге күнәларға айналады», - деп айтылған.

Егер адам осы кезеңде Ібілістің желілерінен аулақ бола алса, ол азғырудың бесінші кезеңіне өтеді: ол адамды өздігінше күнә болып табылмайтын, бірақ адамның мәңгілік өміріне ешқандай пайдасы жоқ іс-әрекеттерге шақырады. Аллаһ Тағала рұқсат еткен, харам етпеген сияқты болып көрінетін істерге көп уақыт жұмсауды бұйырады, бірақ ол сол арқылы адамды Аллаһқа ұнамды және пайдалы істерден алшақтатуға тырысады. Сонда сіз Аллаһ Тағалаға қайта оралған кезде, қатты өкініп: «Әттең-ай, жер бетінде маған берілген уақытты өлімнен кейінгі бақытты өмірге жетуге болатын әрі Аллаһ Тағаланың алдында бағалы амалдар жасауға пайдаланғанымда ғой?», - дейсіз. Бұл Ібілістің бірінші әдісі және оның бес сатысы.

Ібілістің төрт әдісінің екіншісі – жердегі мына фәни, яғни өткінші әрі қысқа өмірді сәндеп әшекелеп көрсету. Ібіліс Жәннаттан қуылған кезде адамдармен жасайтын күресінің осы әдісін де ашық жариялады. Құранда оның былай дегені хабарланады:

قَالَ رَبِّ بِمَا أَغْوَيْتَنِي لَأُزَيِّنَنَّ لَهُمْ فِي الْأَرْضِ

«Раббым, мені қаңғыртқандығың үшін мен де, әлбетте, адам баласына жердегі (жаман) нәрселерді әдемі көрсетіп, олардың барлығын адастырамын»

(«әл-Хижр» сүресі, 39-аят).

Бұл нені білдіреді? Бұл Ібілістің адамдарға жердегі мына өткінші өмір тіршілікті безендіріп, әшекелеп көрсетуге әрі осы арқылы оларды бұл дүние әшейін өткінші екенін әрі олар оған сынақтан өту үшін қысқа мерзімге ғана келгенін, олар жуық арада Аллаһқа қайта оралатынын және содан соң оларды мәңгілік өмір күтіп тұрғанын ұмытулары үшін оларды азғыруға тырысады. Ібіліс адамдардың дүниелік істерге толықтай бастарымен сүнгіп кетіп, өлімді ұмытып, дүниелік игіліктерді: ақшаны, билікті, беделді, атақты, ләззаттарды – қуып, осыда бір бірімен көздеріне қан толатындай ызамен жарысып, бүкіл мақсат-мүдделерін дүниелік өмірге бағыттауын, тек сол үшін тер төгіп еңбек етуін, сөйлеулерін, сапарларға аттануларын, оқуларын, достасуларын, бірге бас қосып жиналуларын, тек сол дүниелік мақсаттарды ғана көздеп әлдебір нәрселерді берулерін немесе бермей қоюларын, яғни барлық нәрсені тек осы дүние үшін, тіпті олар осында мыңдаған жылдар немесе мәңгілік болатындай етіп істеулерін қалайды. Ібіліс пенденің көзіне перде тағып, Аллаһқа қайтатынын ұмыттыруға тырысады.

Жастардың ғана емес, тіпті қарттардың да осы дүниелік істерге немесе ойын-сауыққа толығымен сүнгіп кетіп, өздерінің дүниемен қоштасу кезегі таяу қалғаны туралы мүлде ойламайтынын көру таң қалдырады.

Қазір қаншама мұсылмандар жұмыстарының көптігін сылтауратып немесе пайдасыз қызықтарды артық көріп, намазды елемейді? Қаншама адамдар дүниелік тіршілікке беріліп, ең басты нәрсені - діні мен бірқұдайшылықты оқып білуге уақыт таппай жүр?!

Әшекейлеудің басқа да түрі бар - бұл шайтанның адамдарға жаман нәрселерді жақсы деп көрсетіп, оларды алдап түсіруге тырысуы. Ібілістің Адам ата мен Хауа анамызды қалай азғырғанын еске алыңыз. Ібіліс оларды алдап, олар үшін күнәны әшекей, сәндеп көрсетті. Ібіліс оларға келіп: «Мын тыйым салынған ағаштың жемісін жеп, күнә жасаңдар да, өздеріңді опат қылыңдар», - деп тіке айтпады. Жооқ! Ол оларға бұл мәңгілік өмірдің ағашы және ол арқылы кемелдікке жетуге болатынын ағаш деп айта бастады. Ол және оның сыбайластары адамдарды өз торларына алдап түсіру үшін арыс, жиіркенішті күнәларды әдемі сөздермен: мысалы, пара алуды «сыйлық» деп, өсімқорлық пайыздарын – «пайда» деп, ұятсыз сыртқы келбетті «қазіргі заманға және еркіндік пен прогрессивтік принциптерге сәйкестілік», мас қылатын ішімдіктерді «көңіл көтеретін сусын», «құдайлардың сусыны» деп, құмар ойындарын – «сәттілік лотереясы» деп атайды. Әрі керісінше, барлық ізгі-салиқалы, Аллаһқа ұнамды іс-амалдарды, мысалы, діндарлықты «қараңғылық», шариғатты «кері тартпалық», мұсылман әйелдердің орамал тағуын «оранып алу» әрі «құлдық», сүннетті ұстануды «уаһһабилік» секілді ұнамсыз лақап аттамен атауды үйретеді. Бұл атаулардың барлығы қайдан шыққан? Әрине, Ібілістен! Ібіліс оларды бізді Аллаһқа мойынсұнудан және нұрдан алыстату үшін осылай етіп атап қойған.

Ібілістің келесі әдісі – Аллаһтың жолынан бұрып жіберу. Ол Жәннаттан қуылғанда өзінің осы әдісі жайлы да ашық айтып, былай деген болатын:

قَالَ فَبِمَا أَغْوَيْتَنِي لَأَقْعُدَنَّ لَهُمْ صِرَاطَكَ الْمُسْتَقِيمَ

**«Ендеше, мені қаңғыртқаның себепті, мен де, әлбетте, оларға қарсы
Сенің тура жолыңда отырып аламын»**

(«әл-Әғраф» сүресі, 16-аят).

Шайтан мен оның жақтастары өздерін ізгі әрі ықыласты кеңесшілер ретінде көрсейтін, адамдарды Аллаһтың жолынан және Аллаһтың жақсы көретін

нәрселерінен басқа жаққа бұрып жібереді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір хадисінде шайтанның барлық игілік жолдарына тұрып алып, адамдарды одан тайдыруға тырысатынын түсіндірді. Сол хадисте шайтан адамның Исламды қабылдау жолына тұрып алып, оған: «Сен қалайша өз дінің мен әкелеріңнің дінін қалдырып Исламды қабылдамақсың?», - деп айтады.

Әрі ол барлық жақсылыққа қатысты да дәл осылай жасайды: ол намазды оқуды ұйғарған адамға: «Не істеп жатырсың? Бес уақыт намазды қалай оқисың? Бұл өте қиын, ол көп нәрседен бас тартуды қажет етеді! Бұл сені әдеттегі өмір салтыңнан және таныс ортаңнан айырады! Адамдар саған күліп, сені мазақ ете бастайды! Намаз оқымай-ақ әдемі, керемет өмір сүретіндердің нендей көп екеніне қарамайсың ба!», - деп айтады.

Немесе адамға: «Жаман көзге қарсы тұмар іліп қой, көзмоншақтар мен тұмарлар ширк және күнә деп айтатын әулиесымақтар мен «yahhabистерді» тыңдама. Көптеген адам мұны жасайды ғой, демек, бұл көз өту мен жамандыққа қарсы көмектеседі», - деп айтады.

Немесе: «Іш, серуеңде, ойна да күл, жастық шағын бір рет қана беріледі. Есте қалатын нәрсе болу үшін, өмірден толық ләззат алып қал. Кейін қартайғанда күнәларыңды өтерсің!», - деп айтады.

Міне, шайтан адамды осылайша жақсылық жолынан жамандық жолына салады. Ол оны жақсы амалдар жайлы ұмыттырып, бос немесе күнәлі істерді жасауға мәжбүрлейді. Ол мыңдаған тооп-тооп адамдарды футбол ойындарда жинайды, олар онда Аллаһ пен «Лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздерін ұмытқан, ащы-ызамен айғай салып, ысқырып жатқан, бет-бейнесі жоқ қалың тобырға айналады. Шайтан адамды құмар ойын үстеліне, карта мен нард ойындарына жинайды және сіз олардың арасында Аллаһ Тағаланы зікір ететін адамдарды таппайсыз.

Ақырында, Ібілістің соңғы, төртінші әдісі – адасушылыққа салу. Аллаһ Тағала былай деген:

لَعَنَهُ اللَّهُ ۖ وَقَالَ لَأَتَّخِذَنَّ مِنْ عِبَادِكَ نَصِيبًا مَفْرُوضًا

وَلَأُضِلَّنَّهُمْ وَلَأُمَنِّيَنَّهُمْ وَلَا مَرْئِيَنَّهُمْ

«Аллаһ оны лағынет етті. Сонда шайтан: «Әрине, құлдарыңның ішінен белгілі бір үлесті аламын. Және оларды, әрине, адастырамын, әрі міндетті түрде оларды бос қиялдар мен үміттерге саламын», - деді»

(«ән-Ниса» сүресі, 118-119 – аяттар).

يَعِدُّهُمْ وَيُؤْمِنُهُمْ ۖ وَمَا يَعِدُّهُمْ الشَّيْطَانُ إِلَّا غُرُورًا

**«Шайтан оларға уәде беріп, оларды босқа үміттендіреді. Бірақ
Шайтанның оларға беретін уәдесі алдау ғана»**

(«ән-Ниса» сүресі, 120-аят).

Шайтан адамдарды адастырып, олардың Аллаһ туралы білімдерін бұрмалайды, сонда адамдар Аллаһты Құран мен Сүннетте айтылғандай етіп танымайды, шайтан оларды дінді бұрмалауға итермелейді, бірте-бірте Аллаһқа құлшылық етуден және салиқалылықтан тайдырады. Ол оларды шындықтан алшақтатып, бос армандар мен арбауларда өмір сүріп, сағым артынан қуып жүгіріп жүруге мәжбүр етеді. Ол намазды ынтамен орындап, қосымша-нәпіл намаздарын қалдырмай, парыз намаздарын мешітте оқитын адамға келіп: «Намазды үйде оқи берсейші, мешітке бармай-ақ қойсаңда болады ғой, өйткені ғалымдар арасында бұл парыз емес, тек құпталатын-мустахаб амал екендігі жайлы пікір де бар емес пе», - деп азғыру салады. Егер адам оған құлақ асып, осыны істесе, ол оған тағы да келіп: «Қосымша намаздарды оқымасаң да болады, бұл парыз емес, Аллаһ Тағала сені оларды қалдырғаның үшін жазаламайды», - деп айтады. Егер адам оның артынан ерсе, онда көп ұзамай-ақ ол–малғұн оны намазды толығымен тастауға мәжбүрлей бастайды. Ол адам ақыры адасып, өлгеше тыныштық бермейді. Міне сондықтан біз бұл қалғымайтын қас жаудың айла-амалдарынан өте сақ болуымыз керек.

Шайтанның қолданатын әдістері міне осындай. Олар әртүрлі және өте айлалы. Олардан аман қалудың бір ғана жолы бар: Аллаһтың дінін, Құран мен Сүннетті оқып-үйрену, Аллаһтың шынайы құлы болу, Аллаһтан бүлікші шайтаннан (әшш-шайтан әр-рожийм) қорғаныш пен пана тілеу. Кімде-кім Аллаһқа адал түрде берілген болса, сол міндетті түрде Одан қорғанышқа ие болады.

Шайтанның адам баласына қастандықтар мен шабуыл жасауы

Ібіліс пен оның әскері бізге, яғни адамдарға қарсы жарияланған соғыста сан алуан құралдарды пайдаланып, бір сәтке болса да бізге қарсы айлаларын тоқтатпайды. Өзімізді және жақындарымызды осы жауыз жаудың зұлымдығынан қорғау үшін біз оны танып, оның не істей алатынын білуіміз керек, өйткені өзіне

қауіп-қатер төндіретін нәрсе жайлы білмеген адам өте әлсіз және осал болатыны ешкімге сыр емес.

Ібіліс адамның дүниеге келген алғашқы минутынан бастап ол өлгенге дейін оған дұшпандық жасауын тоқтатпайды. Ол Адам мен оның ұрпақтарынан кек алып, оларға әр түрлі зиян тигіземін деп ант етіп, адам баласы сәби болып дүниеге келген сәтте-ақ оған алғашқы шабуылын жасап, тап береді. Сәби анасының құрсағынан шыға салысымен, шайтан бірден оған жақындай келіп, оны жанына бататындай етіп қатты түртіп, ренжітеді, сол арқылы ол оған қарсы соғыстың басталғанын хабарлайды да, бұл соғысты адам өмірінің соңғы сәтіне дейін аяқтамайды әрі тоқтатпайды.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَا مِنْ بَنِي آدَمَ مَوْلُودٌ إِلَّا يَمْسُهُ الشَّيْطَانُ حِينَ يُولَدُ فَيَسْتَهْلُ صَارِحًا مِنْ مَسِّ الشَّيْطَانِ غَيْرَ
مَرِيَمَ وَابْنَهَا

«Туылған кезде шайтан тимеген бірде-бір адам баласы жоқ. Шайтанның осы тиюінен нәресте айғайлай бастайды. Бұдан тыс жалғыз ерекшелік Мәриям мен оның ұлы болған»

(бұл хадисті имам әл-Бухари өзінің «Сахих» жинағында келтіреді, 3431).

Аллаһ Тағала шайтанның Мәриям мен оның ұлы Иса пайғамбарға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) тиісуіне рұқсат бермеді. Өйткені Мәриямның анасы болған Имранның әйелі, Мәриям әлі оның құрсағында болғанда, Аллаһ Тағалаға мына сөздермен жалбарынған болатын:

وَإِنِّي أُعِيذُهَا بِكَ وَذُرِّيَّتَهَا مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

**«Әрі мен Сенен оны мен оның ұрпағын қуылған шайтаннан
қорғауыңды сұрап, Өзіңе сиынамын»**

(«Әли Имран» сүресі, 36-аят).

Аллаһ Тағала оның дұғасын қабыл етіп, қызы Мәриям мен немересі Исаны дүниеге әкелген сәтте шайтанның тиюінен сақтады.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа хабарында былай деп айтылған:

صِيَاخُ الْمَوْلُودِ حِينَ يَقَعُ، نَزْعَةٌ مِنَ الشَّيْطَانِ

«Жаңа туған нәрестенің жылауы шайтанның шанишуынан болады»

(хадисті Муслим жеткізген, 2367).

Алайда шайтан бұған қанағаттанбайды. Әрбір адамға өзінің серігі болатын шайтан тағайындалады; ол оны барлық жамандықпен күнәларға итермелейді.

Шайтан осымен тоқтай ма? Жооқ! Шайтан адамға ол ұйықтап жатқан кезде қастандық жасап, оны ренжітуге әрі жан дүниесіне мұң ұялатуға тырысады. Адамның мұңайып, күйзеліп жүруі шайтанға өте ұнайды. Сондықтан да ол адамның түсіне кіріп, оған әр түрлі жағымсыз, қорқынышты әрі уайым салатын нәрселерді көрсетеді. Бірде бір бәдәуи, яғни шөл тұрғындарынан болған бір кісі Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп: «Уа Аллаһтың Елшісі! Түсімде менің басымды шауып тастапты, әрі ол менің алдыма домалап түсіп, қаша жөнеліпті, ал мен болса оның артынан бар күшіммен жүгіріп бара жатыр екенмін», - деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: *«Түсіңде шайтанның сенімен қалай ойнағаны туралы адамдарға айтушы болма»*, - деп жауап берді.

Осылайша Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұндай түстердің шайтаннан болатынын, сондықтан олар туралы ешкімге айтпау керектігін, әрі сонда олар адамға еш зиян тигізбейтінін түсіндіріп берді.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деген: *«Түс үш түрлі болады: Аллаһтан келген сүйінші хабар болып табылатын жақсы түс; шайтан солардың көмегімен адамды мұңайтқысы келетін шайтани түстер, және (үшінші түрі) адам не туралы ойлайнып жүрген болса, соны көретін түстер. Сендердің әлдебіреуің түсінде жағымсыз нәрсені көретін болса, тұрып, намаз оқысын және түсінде көргенін адамдарға айтпасын»*.

Басқа бір хадисте былай деп айтылған:

فَمَنْ رَأَى رُؤْيَا، فَكَرَهُ مِنْهَا شَيْئًا، فَلْيَنْفُثْ عَنْ يَسَارِهِ، وَلْيَتَعَوَّذْ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ، لَا تَضُرُّهُ

«Кімде-кім түсінде өзіне ұнамайтын нәрсені көрсе, сол жақ иығына үш рет жеңіл-жеңіл түкірсін және Аллаһқа шайтаннан қорғаныш тілеп жүгінсін (яғни «Әғузу билләһи мина-ш-Шайтани-р-рожийм» деп айтсын), сонда бұл түс оған зиян тигізбейді»

(хадисті Муслим жеткізген, 2261).

Жоғары аталып кеткен осы хадистерден егер адам түсінде жақсы әрі өзіне ұнайтын нәрсе көрсе, онда осыған қуанып, көрген түсін өзіне жақсылық тілеп,

қызғанбайтын адамдарға айтуына болатындығы айқын болады. Ал егер ол мазасыз және жағымсыз нәрсе көрсе, онда бұның шайтаннан екенін біліп, мына шараларды қолдануы керек: ең алдымен «Әғузу би-Лләһи мин-ш-шайтони-р-рожийм» деп Аллаһқа шайтаннан пана сұрап жүгінсін, сосын сол иығына үш рет түкірсін, әрі түсінде көргенін ешкімге айтпасын. Ол сондай-ақ төсегінен тұрып, намаз оқығаны жақсырақ болады. Әрі егер ол осы аталған амалдарды орындаса, онда, Аллаһтың қалауымен, оған түсінде көрген нәрселері еш зиян тигізбейді.

Адам ұйықтап жатқанда шайтан оған басқа жолмен де шабуыл жасауы мүмкін. Хадисте шайтан ұйықтап жатқан адамның басының арқасына үш түйін байлап, олардың әрқайсысын ұрып: «Сені алдыңда ұзақ түн тосуда, ендеше ұйықта!», - деп айтатыны хабарланады. Ол мұні неліктен істейді? Адам қосымша түнгі намазын оқу үшін, тіпті таң намазына оянбауы үшін.

Кейін хадисте былай деп айтылған:

فَإِنْ اسْتَيْقَظَ فَذَكَرَ اللَّهَ، انْحَلَّتْ عُقْدَةٌ، فَإِنْ تَوَضَّأَ انْحَلَّتْ عُقْدَةٌ، فَإِنْ صَلَّى انْحَلَّتْ عُقْدَةٌ،

فَأَصْبَحَ نَشِيطًا طَيِّبَ النَّفْسِ وَإِلَّا أَصْبَحَ خَبِيثَ النَّفْسِ كَسَلَانَ

«Ал егер адам ұйқысынан оянып, Аллаһты зікір етіп еске алса, онда оның бір түйіні шешіледі, әрі дәрет алса, екінші түйін шешіледі, ал егер ол намаз оқыса, барлық түйіндер шешіледі және адам таңды сергек-ширақ, жақсы көңіл-күймен қарсы алады. Әйтпесе, ол таңды көңіл-күйі нашар, жалқау кейінге қарсы алады»

(хадисті әл-Бухари, 1142, 3269 және Муслим, 776 жеткізген).

Егер ұйықыға жатқан адам Аллаһ Тағаланы зікір етіп еске алмаса, шайтан оған шабуыл жасайды. Ал егер адам ұйқыға жатарда дәрет алып, Аллаһты зікір етіп, ізінен «аят әл-Курси» деп аталатын Құранның ең ұлы аятын оқыса, онда бұл көзге көрінбейтін жауыз дұшпан оған ешбір жолмен шабуыл жасай алмайды. Мұндай адамды түні бойы Аллаһ жіберген қорғаушы күзетіп, қорғайтын болады.

Шайтандардың адамдарға қарсы жасайтын тағы бір қастығы – олардың арасына өзара жек көрушілік, өшпенділік пен дұшпандық себу. Олар мұны әртүрлі тәсілдермен жасайды.

Біріншіден, алкоголь ішімдіктері мен құмар ойындары секілді шайтанның ежелгі және жақсы көретін құралдары арқылы. Солардың кесірінен қаншама қарым-қатынас бұзылды, қаншама байланыс үзілді десеңізші! Сондықтан да

Раббымыз Құранда бізді мас қылатын барлық нәрселерден және құмар ойындарынан сақтатандырып, былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّمَا الْخَمْرُ وَالْمَيْسِرُ وَالْأَنْصَابُ وَالْأَزْلَامُ رِجْسٌ مِنْ عَمَلِ الشَّيْطَانِ
فَاجْتَنِبُوهُ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ (٩٠) إِنَّمَا يُرِيدُ الشَّيْطَانُ أَنْ يُوقَعَ بَيْنَكُمْ الْعَدَاوَةَ وَالْبَغْضَاءَ فِي الْخَمْرِ
وَالْمَيْسِرِ وَيَصُدَّكُمْ عَنْ ذِكْرِ اللَّهِ وَعَنِ الصَّلَاةِ فَهَلْ أَنْتُمْ مُنتَهُونَ (٩١)

«Әй иман келтіргендер! Расында, арақ-шарап, құмар ойындары, тігілген тастар (пұттар) және бал ашатын жебелер лас, шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар, құтыласыңдар. Негізінен шайтан, арақ-шарап, құмар ойындары арқылы араларыңа дұшпандық әрі кек салып, сендерді Аллаһты еске алудан және намаздан тосуды қалайды. Ал сонда да тыйылмайсыңдар ма?»

(«әл-Мәида» сүресі, 90-91 – аяттар).

Шайтанның адамдар арасына іріткі салуының тағы бір жолы – оларды жағымсыз, орынсыз немесе дөрекі сөздерді айтуға итермелеуі. Ер немесе әйел адамның аузынан әлдебір сөз ұшып шығып, жанжалға, жақсы қарым-қатынастардың бұзылуына себеп болады. Қаншама жиі жағдайларда бір-ақ ауыз сөз ерлі-зайыптылардың ажырасуларының, ағайындар арасында туыстық қатынастардың үзілуінің, көршілердің арасындағы ұзақ жылдық қақтығыстардың себебі болып жатады емес пе?!. Сондықтан да Аллаһ Тағала бізге сөйлеген кезімізде ең жақсы сөздерді айтуды бұйырады. Ол былай деді:

وَقُلْ لِعِبَادِي يَقُولُوا الَّتِي هِيَ أَحْسَنُ إِنَّ الشَّيْطَانَ يَنْزِعُ بَيْنَهُمْ إِنَّ الشَّيْطَانَ كَانَ لِلْإِنْسَانِ
عَدُوًّا مُبِينًا (٥٣)

«(Уа Мухаммад!) Құлдарыма айт! Ең жақсы түрде сөйлесін. Өйткені, шайтан араларына бұзақылық салар. Расында, шайтан адамдар үшін ашық дұшпан»

(«әл-Исра» сүресі, 53-аят).

Шайтан адамдарды бір біріне қарсы айдап салып, бауырларды бірін бірі жек көретін дұшпандарға айналдырғысы келеді. Сондықтан да мұсылман адам әрдайым сергек болып, Аллаһтың көмегіне сүйене отырып, шайтанның өз мақсатына жетуіне және Аллаһ Тағаланың құлдары арасында алауыздық тудыратын жоспарларын жүзеге асыруына жол бермеуі керек. Егер сіз

бауырыңыздан әлдебір сөздерді естіген болсаңыз, оларды ең жақсы мағынада түсінуге тырысыңыз. Бауырыңыз жайлы жақсы ойда болыңыз, шайтанға қасақана қарсы болып, бауырыңыз сізді ренжіткісі келмеді деп сеніңіз, сабырлық пен түсінушілік танытыңыз.

Шайтанның адамдарға зиян келтіретін тағы бір жолы – қару ұстаған адамның қолын біреуді өлтіруге немесе жарақаттауға бағыттауға тырысуы. Міне сондықтан да айналағыздағы адамдарға тіпті әзіл-қалжың ретінде де әлдебір қаруды бағыттауға қатаң тыйым салынады. Әлдебір адамның қалжыңдаймын деп жолдасына немесе бауырына қару сілтеп, абайсызда оны өлтіріп қойғанын ненде жиі естуге болады. Шайтан адамдардың арасына дұшпандық себу үшін оның қолын осыған итеріп жібереді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَا يُشِيرُ أَحَدُكُمْ إِلَى أَخِيهِ بِالسَّلَاحِ، فَإِنَّهُ لَا يَدْرِي أَحَدُكُمْو لَعَلَّ الشَّيْطَانَ يَنْزِعُ فِي يَدِهِ، فَيَقَعُ فِي حُفْرَةٍ مِنَ النَّارِ

«Сендердің ешқайсыларың бауырыңа қару бағыттамасын, өйткені шайтын оның қолын итеріп, ол Отты құзға түсіп кетуі мүмкін екенін білмейді!»

(хадисті әл-Бухари, 7072 және Муслим, 2617 жеткізген).

Яғни шайтан оның қолын бағыттап жіберіп, сол себепті адам басқа біреуді өлтіріп, Тозақ отына түсіп кетуі мүмкін.

Шайтан балаларымыз бен мал-мүлкімізге де қастандық жасап, бізді олардан айыруға тырысуы мүмкін. Сондықтан Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге күн батар шақтағы ымырт кезінде балаларымызды қасымызда ұстауды, түнде есіктерімізді бекітіп жауып, ыдыстарымыздың бетін бір нәрсемен жабуды бұйырған. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Түн кірген кезде балаларыңды өздеріңнің қастарыңда ұстаңдар, өйткені бұл уақытта шайтандар жер бетіне тарайды, ал біраз уақыттан кейін балаларыңды жіберсеңдер болады. Есіктеріңді Аллаһтың атын атап (яғни: «БисмиЛәһ» сөздерін айтып) бекітіп жабыңдар, өйткені шайтан жабық есікті аша алмайды және Аллаһтың атын атап, су шанаиштарыңның ауздарын байлап, ыдыстарыңның үстін жабыңдар, тым болмаса олардың ауызының үстіне бірдеңе қойыңдар және шамдарды өшіріңдер».

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды жағулы от пен шамдарды өшіруге үндейтін, өйткені шайтан солар арқылы адамдардың үйлерінде өрт салуға күш салады.

Шайтан адамдар солардан зардап шегетін көптеген қауіпті және өте нашар аурулардың себебі болып табылады. Шайтандар не оларды тікелей өздері таратады, немесе адамдардан болған өздерінің сыбайластарын осындай қауіпті аурулардың таралуына ықпал ететін әлдебір нәрселерді істеуге иландырады. Мысалы, олар күнәдан қорықпайтын, нәпсілерін ашкөздік жаулаған егіншілерді көкөністер мен жемістерді өсіруде қатерлі ісік тудыратын зиянды заттардың кез-келген түрлерін қолдануға итермелейді, міне соның салдарынан бұл қорқынышты дерт біздің кезімізде адамдар арасында өте кең таралған.

Шайтан адамға оның өмірінің соңғы сәттерінде де шабуыл жасайды. Ол өлім тұсында жатқан адамға келіп: «Таухидтен бас тарт», «Лә иләһа иллә-Ллаһ сөздерінен бас тарт», «Исламнан, Жалғыз Жаратушыға иман келітіріп, Оған мойынсұнудан бас тарт, Ол сені қандай азапқа ұшыратқанына қара», - дейді. Сол себепті Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаладан өлім сәтінде шайтанның азғыруынан қорғау сұрайтын. Ол былай деген:

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ التَّرَدِّي وَالْهَدْمِ، وَالْغَرَقِ وَالْحَرِيقِ، وَأَعُوذُ بِكَ أَنْ يَتَخَبَّطَنِي الشَّيْطَانُ
عِنْدَ الْمَوْتِ

«Уа Аллаһ! Мен Сенен биіктен құлаудан, қиранды астында қалып өлуден, суға батып кетуден немесе өртеніп өлуден қорғаныш-пана сұраймын және өлім алдында шайтан мені жолдан тайдыруынан Сенің қорғауыңа жүгінемін...»

(хадисті ән-Нәсаи, 5531 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих ән-Нәсаи» еңбегінде сенімді деп атаған, 7972).

Жын-шайтанның соғуы

Бұл дерт адамдар арасында жиі кездеседі және араб тілінде «әл-мәсс» деп аталады, оның сөзбе-сөз аудармасы «соғу (жанасу, тию)», яғни «шайтанның адамды соғуы».

«Әл-мәсс» – бұл шайтанның адам денесіне кіруі және оны әртүрлі психикалық және жүйке ауруларына, сондай-ақ қояншық секілді талып қалуларға әкелуі. Жын қаққан адам адам біртүрлі сөздер айтады, сондай-ақ өзінің дауысынан

басқа дауыспен өзіне тән емес дыбыстар шығарып, айқайлап, өзін ерсі ұстауы мүмкін.

Бұл ауруға байланысты адамдар үш топқа бөлінеді.

Бірінші топ – оның бар екенін жоққа шығарып, шайтанның адамның денесіне кіріп, оның рухы мен жүйке жүйесіне әсер ете алмайды деп айтатындар. Осылайша олар Құранда және одан алдыңғы көктен түскен құдайлық Кітаптарда айтылғанды, сондай-ақ Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз Сүннетінде және одан бұрынғы пайғамбарлар жеткізгенді жоққа шығарады.

Екінші топ – кері шектен шыққандар. Олар мұндай дерттердің бар екеніне сенеді, бірақ олар бұл мәселеде шектен шығып, барлық ауруларды шайтанмен байластырып, адамдарды дәрігерлерге барудан және медициналық емдеу әдістерін қолданудан тыйдырады. Сондай-ақ жын-шайтанмен байланысты ауруларды емдеу мәселесінде Аллаһ белгілеген шекаралардан шығып, Құран мен Сүннет бекітпеген әдістерге жүгініп жатады.

Үшінші топ – бұл мәселеге дұрыс көзқараспен қарайтындар және артық кету мен салғырттық танытудың арасында орта пікірді ұстанатындар. Олар Құран мен Сүннетте келтірілген дәлелдерге сүйене отырып, мұндай аурулардың бар екенін мойындап, бұл мәселеде, сондай-ақ бұл ауруларды емдеу мәселесінде Құран мен Сүннетте айтылғандардың шеңберінен шықпайды. Олар шайтанның адам денесіне кіріп, оның бойында неврологиялық және психикалық аурулардың кез-келген түрлерін тудыруы мүмкін екеніне сенеді, бірақ егер ауру шынымен де жындар себебінен туындағаны айқын болып және ешқандай медициналық патологиямен байланысты болмаса, онда оны надандар ойлап тапқан түрлі әдістермен емес, оны емдеуде Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткен тәсілдермен ғана шектеліп, шайтанның торларына түсіп кетпеу үшін, осыған ештеңе қоспау керек деп санайды әрі айқын сенеді.

Жындардың әсерінен болатын жүйке-психикалық аурулардың бар екенін дәлелдейтін Құран мен Сүннеттегі кейбір дәлелдерді келтірейік.

Құран Кәрімнің «әл-Бақара» сүресінде былай деп айтылған:

الَّذِينَ يَأْكُلُونَ الرِّبَا لَا يَقُومُونَ إِلَّا كَمَا يَقُومُ الَّذِي يَتَخَبَّطُهُ الشَّيْطَانُ مِنَ الْمَسِّ ۚ ذَٰلِكَ

بِأَنَّهُمْ قَالُوا إِنَّمَا الْبَيْعُ مِثْلُ الرِّبَا

«Сондай өсім жегендер, (Қиямет күні қабірлерінен) шайтан соғып кеткендей есеңгіреп, теңселіп (қайта тіріліп) тұратын болады. Бұл олардың: “Расында, сауда да бейне өсім секілді”, - деп айтқандарының салдарынан болады»

(«әл-Бақара» сүресі, 275-аят).

Имам әт-Тобари, имам әл-Қуртуби және Ибн Кәсир секілді Құранның беделді әрі жалпыға танылған тәпсіршілері (Аллаһ оларды рахым етсін) бұл аят шайтанның адам денесіне кіріп, талма-булығылар тудыратына дәлел болады деп айтқан. Бұл жерде Аллаһ Тағала өсімқорлықпен айналысып, адамдарға беретін қарыздардан үстеме пайыз алатын адамның Қиямет күні ішіне шайтан кіріп, оны дірілдетіп, қояншығы немесе шайтаны ұстап, денесі құрысып тырысуға ұшыраған адам секілді тірілетініне нұсқайды.

Сүннеттен дәлел Усман ибн әл-Астың оқиғасы. Бұл хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Усманды Тоиф қаласына әкім ретінде тағайындаған кезде, онымен таңғаларлық құбылыстар орын ала бастағаны туралы хабарланады: нақтырақ айтсақ, ол намаз оқитын кезде, оған түсініксіз бірдеңе болып, соның салдарынан ол өзін өзі жоғалтып, не істеп жатқанын түсінбей қалатын. Өзінің осындай күйге түскенін көрген ол, Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бару керек деп шешті. Ол Мәдинаға келгенде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «**Усман ибн әл-Ас!**», - деп, оның шықырусыз жетіп келгеніне таң қалғанын білдірді. Усман: «Иә, уа Аллаһтың Елшісі!», - деп жауап берді. Пайғамбар: «**Сені мұнда не нәрсе әкелді?**», - деп сұрады. Усман: «Уа Аллаһтың Елшісі! Маған намаз уақытында бірдеңе болады және мен қандай ракағат оқып жатқанымды түсінбей қаламын», - деп түсіндірді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

ذَٰكَ الشَّيْطَانُ، اذْنُهُ

«Бұл шайтан. Жақындашы»,

– деп бұйырды. Усман оған жақындап, аяғын бүгіп отырғанда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолымен оның кеуде тұсынан ұрып, ауызына үрлеп: «**Шық, уа Аллаһтың жауы!**», - деді. Ол мұны үш рет жасап, кейін Усманға: «Жұмысына қайт», - деді. Усман былай деп баяндаған: «Осыдан кейін шайтан мені мазалауды қойды» (хадисті Ибн Мәжах жеткізген, 3548; әл-Әлбани оны «Сахих ибн Мәжаһта» сенімді деп атаған, 2858).

Бұл хадис шайтанның адам денесіне кіре алатынына анық нұсқайды. Бұл тіпті салиқалы адаммен де, ол кейбір уақыттарда Аллаһты зікір етуді ұмытып, бейқамдыққа түскен сәттерде орын алып қалуы мүмкін. Бұл хадисте мұндай жағдайлардың қалай емделетіні де түсіндірілген. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) науқастың кеудесіне жеңіл соққымен ғана ұрып: **«Шық, уа Аллаһтың жауы!»**, - деді. Болды! Ол науқасты арқанмен байламады, таяқпен немесе қамшымен сабамады, жын-шайтан соғуды емдеуге тырысатын біздің кезіміздің кейбір тәуіп емшілері секілді оны өлімші кейіпке келетін етіп ұрмады.

Кейбір «емшілер» науқасты өлетіндей ұрып-соғады. Сөйтеді де науқас көрге, ал әлгі дүмше емші түрмеге түседі. Ал Аллаһ бұны жасауды бұйырды ма? Жоқ! Мұндай емдеу әдістері шайтанның адамға зиян келтіру үшін жасайтын азғыруларынан басқа ештеңе емес.

Шайтанның жүйке-психикалық бұзылыстарды тудыруы мүмкін екендігінің тағы бір дәлелі. Бірде Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір әйел келіп: «Мен эпилепсиямен (қояншық ауруымен) ауырамын және сол қояншығым ұстап қалатын кезде денелерім ашылып қалады. Мен үшін Аллаһ Тағалаға дұға етіңізші», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Қаласаң сабыр ет, сонда Жәннатқа ие боласың, ал қаласаң, Аллаһ Тағалаға Ол сені сауықтыруы үшін дұғамен жүгінемін»**, - деді. Әйел: «Мен сабыр етемін!», - деді. Кейін: «Дертім қозғанда жалаңаш болып қаламын. Аллаһтан менің жалаңаштанып қалмауымды сұраңызшы, бұл сұм шайтан мені шешіндіретінінен қорқамын», - деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан оның дерті қозғанда шешініп қалмауын сұрады. Бұл әйелге қараңызшы. Ол қандай таза, пәк, ұялшақ әрі тәрбиелі еді. Ол эпилепсиямен ауырды және қояншығы ұстаған кезінде оның денесінің бір бөлігі ашылып қалатын, сондықтан да ол өзін бөгде адамдар көріп қоюынан қорықты. Ол тіпті эпилепсия кезінде де шайтанның оны қорлауына жол бергісі келмеді. Ал бүгінде өзін мұсылманмын деп, рухани таза және пәкпін деп санайтын көптеген әйелдер Аллаһтың жасыруды бұйырған дене мүшелерін бөгде адамдарға әдейі ашып көрсетіп, осынысында еш ұялма па?! Шайтан оларды ешбір қояншықсыз-ақ ақылдарынан айырып қойғандай.

Бұл жерде эпилепсияның кез-келгені адамның денесіне шайтанның кіруімен байланысты бола бермейтінін атап өту қажет. Кейде бұл ауыру адам миындағы белгілі бір ауытқулардан да туындайды.

Шайтанның адамға кіруіне тағы бір дәлел: Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені:

إِذَا تَشَاءَبَ أَحَدُكُمْ، فَلْيُمْسِكْ بِيَدِهِ عَلَى فِيهِ، فَإِنَّ الشَّيْطَانَ يَدْخُلُ

«Сендердің әлбіреуің есінегісі келсе, аузын қолымен жапсын, өйткені оған шайтан кіріп кетуі мүмкін»

(хадисті Мұслим жеткізген, 2995).

Демек, шайтанның адам денесіне кіруімен байланысты аурулардың бар екені күмәнсіз нәрсе және мұнымен әһлу-с-сунна уә әл-жәмаға имамдарының барлығы келіседі.

Шайтан адамның денесіне қандай себептерге байланысты кіріп кетеуі мүмкін?

Бұның бірнеше себептері бар.

Біріншіден, ғашықтық. Еркек жын әйелге немесе қызға ғашық болып, оған кіріп кетуі мүмкін, ал әйел жынысты жындар еркектерге ғашық болып, олардың ішіне кіре алады.

Екіншіден, адамдардың жындарға тигізетін реніштері. Кейде адамдар өз еркімен немесе байқамай жындарға зәбір әкелетін нәрсені жасап қояды және олар кек алуды қалап, олардың іштеріне кіреді. Мысалы, егер адам әлдебір жерге Аллаһтың атын атамай ыстық су шашса және бұл су жынға тиіп, оған зиян келтірсе, жын бұған жауап ретінде сол адамға кіруі мүмкін. Сондықтан бір жерге ыстық су шашқанда жындардан сақтану үшін Аллаһ Тағаланың атын атап: «БисмиЛләһ», - деп айту қажет. Биік жерден секіргенде немесе биіктен ауыр зат лақтырғанда да солай істеу керек, өйткені ол жынға тиіп, ол адамға шабуыл жасауы мүмкін.

Шайтандардың адамдарға кіруінің үшінші себебі – олардың адамдарға зиян келтіруге деген ұмтылысы және адам ағзасында паразиттік сипатта өмір сүріп, онымен бірге жеп, ішіп, ұйықтауға ұмтылысы. Сондықтан олар адамдардың денесіне кіру үшін қолайлы сәт пен жағдайды аңдып күтеді.

Енді «жын-шайтандар қандай жағдайда адамға кіре алады?» деген сұрақ туындайды.

Біріншіден, адам қатты ашуланған күйде болғанда. Егер сіз қатты ашуызыға берілсеңіз, өзіңізді қатерге саласыз және Шайтанның алдында осал етесіз. Адам қатты ашуға түскен сәттерде не істейтінін қараңыз, ол тіпті күпірлік сөздерді айтып жатады, тіпті адам өлтіруге барады, немесе біреуге зақым тигізеді, қиратады, ата-анасын балағаттайды немесе оларға қол көтереді. Өйткені шайтан оған кіріп, жүргізуші көлікті басқарғандай етіп басқарып, бала доппен ойнағандай етіп ойнайды. Сол себепті Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір адам келіп, өзіне насихат беруін сұрағанда, ол: «**Ашуланба!**», - деді және ол бұл сөзді бернеше рет қайталады. Бұл адам кейіннен не деп айтқанын білесіз бе? Ол: «Мен ашу туралы көп ойландым және оол өзіне барлық жамандықты қамтитынына түсіндім», - деген болатын.

Шайтанның адамға кіру мүмкіндігіне ие болатын екінші күйі – қатты қорқыныш пен қатты қайғыға түсіп кетуі.

Үшінші күй – адамның күнәға, харам құмарлықтарға бой алдыруы. Егер адам жаман істерге ұмтылып, күнәмен өмір сүре бастаса, оған шайтан, дәлірек айтқанда, көптеген шайтандар кіреді. Кімде-кім зинақорлықпен айналысса, жындарға бой алдырады. Әрі бұл қағида ұрлық, мас ететін ішімдіктер ішу және басқа да жиіркенішті істерді істегендерге де қатысты.

Адамның шайтандарға осал болатын төртінші күйі – ғапылдық. Кімде-кім Аллаһ Тағалаға қатысты ғапыл әрі немқұрайлы болса, Аллаһ Тағаланы еске алуды ұмытып, Аллаһқа ұнамды істерді тастаса, күндерін дүние қуумен, ал түндерін пайдасыз әрі күнәлі істер істеумен өткізсе, онда ол жын-шайтандарға жем болады. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَنْ يَعْشُ عَنْ ذِكْرِ الرَّحْمَنِ نُقِيضْ لَهُ شَيْطَانًا فَهُوَ لَهُ قَرِينٌ

«Әлде кім әр-Рахманды (яғни Аса Мейірімді Аллаһты) еске алудан бет бұрса, Біз оған шайтанды серік қыламыз, сонда ол оның жолдасы болады»

(«әл-Зухруф» сүресі, 36-аят).

Ішіне жын кірген адам бақсылар мен экстрасенстерден, жындарды шығарудың білгірімін дейтін түрлі алаяқтардан көмек сұрауға болады ма? Ешбір жағдайда бұны істеуге болмайды! Бұл қатаң түрде тыйым салынған әрекет және ол адамды ширкке, иманын жоғалтуға жетелейді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Кімде-кім көріпкелге немесе бақсыға**

барып, оның сөздеріне сенсе, сол Мұхаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түскен нәрсеге күпірлік танытқан болады».

Яғни Құранға күпірлік танытқан болады. Кімде-кім сиқыршылар мен көріпкелдерге шипа табамын деген үмітпен барса, Аллаһтан және Оның мейірімінен алыстаудан басқа ештеңеге ие болмайды.

Сіз: «Сонда қалай емделу керек? Не істеу қажет?», - деп сұрауыңыз мүмкін. Ендеше, мұны жауабы келесідей: «Жын тиген адам келесі амалдарды жасау қажет.

Ең маңыздысы және ең біріншісі – шын жүректен тәубе етіп, күнәларды тастап, Аллаһқа бет бұру. Сіздің үйіңіз күнәға толы, онда күндіз-түні Аллаһты зікір етудің, Құран оқудың орнына сұрнайлар мен әндер естіледі, қабырғалар мен сөрелерде жындар сүйетін, періштелер жек көретін тірі жандардың бейнелері не мүсіндері бар, осыған қарамастан сіз келіп емделгіңіз келеді деп айтасыз. Әуелі Аллаһқа мойынсұнбауды және Оның әмірлеріне қарсы шығуды қойып, Жаратушының алдында тәубе етіп, өмір сүріп жатқан ортаңызды тазартыңыз.

Кімде-кім сауығып кеткісі келсе, толықтай бір Аллаһқа ғана тәуекел етуі керек, оның басынан өткен барлық нәрсе тек Аллаһтың қалауымен болатынына және ғаламда тек Аллаһ қалаған нәрсе болатынына нық сенімді болуы қажет. Жаратушы қаламаса бірде-бір жын сізге зиян тигізе алмайды. Ендеше, Аллаһқа қарай жүгіріп, Одан көмек пен қорғау тілеп, Одан пана сұрау керек. Кім Аллаһ Тағаланың қорғауында болса, оған ешнәрсе қорқынышты емес.

Науқас Құранның аяттарын және Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге үйреткен дем салу сөздерін оқу арқылы өзін-өзі емдеуі керек. Құран – бұл шипа. «Әл-Бақара» сүресінің аяттары, «аят әл-Курси», «әл-Фәләқ» пен «ән-Нәс» сүресінің аяттары шайтанды қуады. Құранды оқып, тыңдап, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізген дұғаларды таңертен және кешке айтыңыз, Аллаһты көп зікір етіңіз, түнде тұрып, Аллаһтан жылап шипа сұрап, мына сөздерді айтыңыз: «Уа Аллаһ! Сен – Шипа Берушісің (әш-Шәәфи)! Мен тек Өзіңнен ғана шипа сұраймын».

Осыдан кейін не істеуге болады? Таухидке иман келтірген, Құран мен Сүннетті қатаң ұстанатын адамға жүгінуге болады, ол сізге Құран мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шарият рұқсат еткен, күңгірт күбірлеулері мен ширк сөздері жоқ дұғаларды оқып дем сала алады. Егер

сізге жын дертіне шалдыққан адам келсе, оған Құран және шариятпен рұқсат етілген дем салу сөздерін оқыңыз, ол үшін дұға етіңіз және Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйреткеніндей: «Кет, уа, Аллаһтың дұшпаны!» - деп айтыңыз, әрі осыған Құран мен Сүннетте нұсқау жоқ болған ешнәрсе қоспаңыз. Сіз адамға Аллаһтың разылығы үшін көмектесіп жатқаныңызды ұмытпаңыз! Істеген амалыңызды жұртқа айтып, жындырады қуып шығаратын қаһарманмын деп мақтанбаңыз. Кімде-кім бір нәрсені Аллаһтың разылығы үшін істеп, Аллаһтан сауап қаласа, сол жасаған жақсылығымен мақтанбауы керек және оның ақысын адамдардан сұрамауы қажет. Бұған қоса, жын шығаруды мамандық қылып алмау керек. Егер сізден біреу көмек сұраса, оған риясыз көмектесіңіз, бірақ өзіңіз туралы жындардан емдей алатын кәсіби емшінің даңқын шығару - сахабалар да, тура жолдағы имамдар да істемеген жат нәрсе.

Шайтаннан қорғану

Жындар мен шайтандар әлемі біздің көзімізге жасырын, бірақ бар екені даусыз дүние. Шайтандардың көсемі әрі арғы тегі Ібіліс Жәннаттан қуылғанда қалай болғанда да Адам мен оның ұрпағынан кек алуға ант берді. Ол адамға қарсы соғысты басқарады және онда адамдарды бақытсыздыққа ұшырату үшін және оларды өзімен бірге Тозақ отына сүйреп апару үшін әртүрлі қаруларды қолданады.

Осы мейірімсіз дұшпанның айла-шарғысынан зардап шекпеу және бұл дүниеден Аллаһқа және Мәңгілік өмірге иман келтірген күйде кету үшін әр адам немен қарулануы керек?

Ібіліске қарсы ең әуелгі әрі ең басты қару – Аллаһ Тағалаға шын ниетпен мойынсұну. Әрнәрседе Аллаһтың алдында ықыласты болу, барлық ғибадаттарды, діни рәсімдерді Оған ғана арнау – адамның қолындағы ең күшті қаруы және шайтанның шабуылдарынан қорғанудағы ең алынбайтын қамал. Раббысына жан-тәнімен талпынған Аллаһтың құлына шайтан қол тигізе алмайды, мұны шайтанның өзі мойындайды. Құранда оның Жәннаттан қуылғанда былай дегені жеткізіледі:

لَاغْوِيَنَّهُمْ أَجْمَعِينَ

إِلَّا عِبَادَكَ مِنْهُمْ الْمُخْلِصِينَ

«Әлбетте олардың барлығын аздырамын. Бірақ олардан ықыласты құлдарың ғана қалады»

(«әс-Сад» сүресі, 82-83 – аяттар).

Аллаһтың алдында ниетіміз бен амалдармызда шыншыл болуымыз керек, егер намаз оқысақ немесе зекет берсек, мұны тек Аллаһтың разылығы үшін ғана істеуіміз, рукуғ пен сәждені тек Аллаһтың алдында жасауымыз, дұға етсек, тек Аллаһтан ғана сұрауымыз керек. Аллаһ Тағала бізге осыны бұйырады. Ол былай деді:

قُلْ إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ
لَا شَرِيكَ لَهُ ۖ وَبِذَلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ

««Намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бүкіл әлемнің Раббысы Аллаһ үшін» де. «Оның серігі жоқ. Осылай бұйырылдым және мен бойұсынушылардың алғашқысымын», - де»

(«әл-Бақара» сүресі, 162-163 – аяттар).

Ықыласты адам жүрегі мен амалдарын Аллаһқа бағыттайды, барлық діни амалдарды, Аллаһтың дидарын және Аллаһтың мәңгілік мекені – Жәннатты қалап жасайды. Сіз ықыласты жоғалтқан бойдан шайтанның құрбанына айналасыз, оның алдында осал боласыз. Сондықтан шайтан біздің ниеттерімізді бұзуға, жүрегімізде рияға деген құштарлықты орнатуға тырысады. Есіңізде болсын, Тозақ оты бірінші солармен жағылатындар – ізгі амалдарын адамдардың мақтауы үшін, басқалар олар жайлы айтылары үшін жасағандар.

Ықыластық – бұл дүние мен мәңгілік өмірдегі бақыт пен сәттіліктің сыры. Аллаһ біздің денемізге де, сыртқы түрімізге де қарамайды. Ол біздің жүрегіміз бен істерімізге қарайды. Ал амалдарымыздың сауабы ниетіміздің қандай болғанына байланысты. Егер де сіз амалдарыңызды Аллаһтың разылығы үшін жасасаңыз, сауап аласыз, ал егер Аллаһтың разылығы үшін ғана емес, адамдардың мақтауы, ақша немесе басқа да нәрселер үшін жасасаңыз, расында Аллаһ серіктерге мұқтаж емес, ол сізді сол ықылассыз жасалған амалдарыңызбен қалдырады. Сенімді хадисте Аллаһ Тағаланың былай дегені хабарланады:

أَنَا أَعْنَى الشُّرَكَاءِ عَنِ الشَّرِّ ، مَنْ عَمِلَ عَمَلًا أَشْرَكَ فِيهِ مَعِيَ تَرَكَتُهُ وَشِرْكُهُ

«Мен Маған әлдебіреудің серік қосылуынан бай-мұқтажсызбын, сондықтан да кімде-кім әлдебір амалды Мен үшін ғана емес, Маған қоса басқа біреу үшін де жасаса, Мен оның өзін де, оның көпқұдайшылығын да тәрк етеді».

Шайтанға қарсы екінші қару – Аллаһтың шынайы құлы болу. Аллаһ Тағала шайтанды Жәннаттан қуған кезде, Шайтан Адамның барлық ұрпағын азғыруға ант берген болатын. Сол кезде Аллаһ Тағала оның сөзін теріске шығарып, Аллаһтың шайтан оларға қол жеткізе алмайтын шынайы құлдары бар екендігін айтып, былай деген:

إِنَّ عِبَادِي لَيْسَ لَكَ عَلَيْهِمْ سُلْطَانٌ ۖ وَكَفَىٰ بِرَبِّكَ وَكِيلًا

«Расында, Менің шынайы құлдарыма сенің ықпалың жүрмейді.

Раббың уәкілдікте жетік»

(«әл-Исра» сүресі, 65-аят).

Егер де біз осы аятта айтылған адамдардың қатарына кіріп, Аллаһтың шынайы құлдарынан болсақ, онда Ібіліс бізге қарсы күшсіз болады. Шынайы құл – бұл Раббысына құлшылық ететін адам, ал құлшылық - бұл Аллаһ Тағала жақсы көретін және разы болатын, сыртқы және іштей (жүрекпен) жасалатын сөздер мен амалдар. Аллаһқа құлшылық етудің бірнеше түрлері бар: ғибадат сыртқы амалдармен (мысалы, ораза, қажылық, намаз), тілмен (дұға, Құран оқу), жүрекпен (Аллаһқа үміт ету, Оның жазасынан қорқу, Оған үміт ету, Оны жақсы көру) және Аллаһтың жолында мүлікті сарп ету арқылы жасалуы мүмкін (бұған садақа, зекет, құрбандық кіреді).

Шынайы құл болу дегеніміз басыңызға түскен барлық нәрсе тек Аллаһтың қалауымен болатынын, сондықтан сізді одан тек Ол ғана құтқара алатынын нық түсіну деген сөз. Аллаһтың шынайы құлы басына қиыншылық түскенде сиқыршылар мен алаяқтарға жүгірмейді. Ол өз Раббысына шын ықыласымен жүгінеді және Аллаһ оны құтқарады. Айюб пайғамбарды еске алыңыз: ол ауруға шалдыққанда, сабырлық танытып, жүрегімен Раббысына ұмтылып, Аллаһқа дұғалармен жүгінді және Аллаһ Тағала оны азапты аурудан құтқарып, ол жайлы былай деді:

إِنَّا وَجَدْنَاهُ صَابِرًا ۖ نَعْمَ الْعَبْدُ ۚ إِنَّهُ أَوَّابٌ

«Шынында, оны сабырлылардан таптық. Ол нендей жақсы құл.

Өйткені ол өте бойсұнушы»

(«әс-Сод» сүресі, 44-аят).

Аллаһтың көркем құлдары болындар және мына аятты естеріңде сақтаңдар:

وَإِنْ يَمْسَسْكَ اللَّهُ بَصْرًا فَلَا كَاشِفَ لَهُ إِلَّا هُوَ ۖ وَإِنْ يَمْسَسْكَ بَخِيرًا فَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ

قَدِيرٌ

«Егер Аллаһ саған бір зиян келтірсе, сонда оны Өзінен басқа ешбір айықтырушы жоқ. Ал егер Ол саған бір игілік тигізсе, Оның әр нәрсеге толық күші жетуші»

(«әл-Әнғам» сүресі, 17-аят).

Ібіліске қарсы үшінші қару – барлық нәрседе, сенімде, амалдарда және мұсылманның ұстануға тиісті жолында (манхажында) Құран мен Сүннетке еріп, соны басшылық етіп алу. Адам Құран мен Сүннеттен сәл болса да ауытқаған бойда бірден шайтанның жолдарының біріне түседі. Бірде ардақты Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) топыраққа ұзын түп-түзу сызық сызып: «Бұл – Аллаһтың тура жолы», - деді де, кейін осы түзу сызықтан оңға және солға қарай сызықшалар сызып: «Ал мына жолдардың әрқайсында соларға шақыратын шайтан тұр», - деді. Кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланың мына сөздерін оқыды:

وَأَنَّ هَذَا صِرَاطِي مُسْتَقِيمًا فَاتَّبِعُوهُ وَلَا تَتَّبِعُوا السُّبُلَ فَتَفَرَّقَ بِكُمْ عَنْ سَبِيلِهِ ذَلِكُمْ وَصَّاكُمْ بِهِ

لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ (۱۵۳)

«Күдіксіз, Менің тура жолым осы. Ендеше соған еріңдер. Басқа жолдарға түспеңдер, өйткені олар сендерді Аллаһтың жолынан ажыратады.

Осы - Аллаһтың сендерге өсиет еткені, әлбетте сақтанарсыңдар»

(«әл-Әнғам» сүресі, 153-аят).

Құран мен Сүннетті мықтап ұстансақ, адаспаймыз, опат болмаймыз!

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

إِنِّي قَدْ تَرَكْتُ فِيكُمْ شَيْئَيْنِ لَنْ تَضِلُّوا بَعْدَهُمَا: كِتَابَ اللَّهِ وَسُنَّتِي

«Мен сендердің араларыңда егер сендер соларды ұстансаңдар, ешқашан адаспайтын екі нәрсе қалдырдым – бұл Аллаһтың Кітабы мен менің

Сүннетім».

(хадисті әл-Хаким, 319 мен әд-Даракутни, 4525 жеткізген; әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Шайтанға қарсы төртінші қару – оның барлық әмірлерінде оған қарсы шығу. Шайтанға қарсы тұру және оған қарсы әрекет ету оның айла-амалдарына қарсы ең күшті құралдардың бірі болып табылады. Ол сізге күпірлікті бұйырады, Тозаққа шақырады, пасық және тыйым салынған амалдарды жасауға ынталандырады, ол бұйырған және жасаған барлық нәрсеге қарсы шығыңыз. Әрі осыда назардан тыс қалдыруға болатын ұсақ нәрселер жоқ. Шайтан сол қолымен жеп, ішсе – сіз оң қолыңызбен жеп, ішіңіз. Ол сол қолымен берсе және алса, сіз оң қолыңызбен алыңыз және беріңіз. Шайтан бір аяқ киіммен жүрсе, сіз олай жүрмеңіз. Бұл маңызды емес деп ойламаңыз. Кез келген үлкен жалын әрқашан кішкентай ұшқындардан тұтанады.

Шайтанға қарсы бесінші тиімді қару – Аллаһқа қорғаныш пен пана сұрап жүгіну. Бұл «әл-истиғаза» деп аталады. Біз: «Ағузу би-Лләһи мин әш-шайтони-р-рожийм», - деп айтамыз, яғни: «Лағнет етілген, қуылған шайтаннан Аллаһтың қорғауына жүгінемін». Сізді шайтандардың зұлымдығынан Құдіретті Жаратушыдан басқа ешкім қорғай алмайды. Аллаһ Тағала бізге Құранда былай деп үйреткен:

وَقُلْ رَبِّ أَعُوذُ بِكَ مِنْ هَمَزَاتِ الشَّيَاطِينِ

وَأَعُوذُ بِكَ رَبِّ أَنْ يَحْضُرُونِ

««Раббым! Шайтандардың түртектерінен Саған қорғау тілеп сиынамын», - де әрі: «Раббым! Олардың жаныма келуінен де Сенен пана сұраймын», - де»

(«әл-Муъминун» сүресі, 97-98 – аяттар).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге әр намаздың басында «Аллаһу Акбар» сөздерін айтып, кіріспе дұғасын айтқаннан кейін шайтаннан қорғану үшін Аллаһқа жүгіну керектігін үйретті. Ол бізге ашуға шалдығатын сәттерімізде де, Аллаһтан қорғаныш тілеп: «Ағузу би-Лләһи мин әш-шайтони р-рожийм» сөздерін айтуды үйретті, әрі осы арқылы біз ашуға төтеп бере аламыз. Біз иттің үргенін естігенде де Аллаһтан бізді шайтаннан қорғауын сұраймыз, өйткені иттер шайтандарды көреді. Құран оқымас бұрын Аллаһ Тағаладан Ол бізді шайтаннан қорғауын сұраймыз, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

فَإِذَا قَرَأْتَ الْقُرْآنَ فَاسْتَعِذْ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

«Қашан Құран оқысаң, қуылған шайтаннан Аллаһқа сиын»

(«ән-Нәхл» сүресі, 98-аят).

Шайтанның айла-амалдарына қарсы алтыншы күшті қару – Аллаһты зікір ету. Біз Жаратушымызды зікір ету арқылы өзімізді, үйлерімізді және балаларымызды шайтандардан сақтаймыз. Аллаһты зікір етсек, шайтанды күш-қуатынан айырамыз, иманымызды күшейтеміз, Аллаһтың разылығын аламыз. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге Аллаһты зікір етуші адамның мысалын, өзін қуып келе жатқан қаһарлы дұшпанынан қашып, алынбайтын қамалға паналап, қорғанған адамға теңеді. Расында, Аллаһты зікір ету – бұл қорғанымыз, біз онда шайтанның және басқа дұшпандардың айлаларынан қорғанамыз. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَنْ يَعِشْ عَنْ ذِكْرِ الرَّحْمَنِ نُقِضَ لَهُ شَيْطَانًا فَهُوَ لَهُ قَرِينٌ

«Ал кім Аса Мейірімді (Аллаһты) еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол, оның жолдасы болады»

(«әз-Зухруф» сүресі, 36-аят).

Сондықтан да, Аллаһты зікір ету өте жоғары және аса маңызды орынға ие, сондықтан мұсылман адам кез келген жағдайда Аллаһ Тағаланы зікір етуді үйренуі керек. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Раббысын зікір ететін адам мен зікір етпейтін адам, тірі мен өлі секілді».**

Аллаһ Тағаланы жиі зікір ететін адам тірі, ал бұған немқұрайлы қарап, еріндері Жаратушының есімін сирек айтатын адам өлі, ол жер бетінде әшейін қозғалып жүрген мәйіт, қабір, табыт. Аллаһ зікір етілетін үй – мықты әрі берекелі, ал Аллаһ сирек зікір етілетін үй – шайтан ұя салған қиранды үйінді.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) егер адам күндіз жүз рет, мейлі бәрін қатарынан, бірден емес, ара-арасын үзіп болса да, бастысы күндіздің ішінде жүз рет:

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Оның серігі жоқ.

Бүкіл билік пен барлық мақтау Оған тісті, Ол әр нәрсеге Құдіретті», - деп

айтса, айтса, бұл сөздер ол үшін кешке дейін шайтаннан мызғымас қорғаныш

болады (хадисті Ибн Мәжаһ, 3798 және әл-Хаким, 1843 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих ибн Мәжаһ» еңбегінде сенімді

деп атаған, 3064).

Денеңізге немесе киімізге көзмоншақ пен тұмарларды, қақпалар мен босағаларға да таға мен сүйектерді, тырнақ пен адраспанды, қызыл шүбіректерді және сол сияқты ырым-жырымдық көпқұдайшылық сенімдерге негізделген пайдасыз заттарды ілудің қажеті жоқ. Керісінші, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге үйреткендей, Аллаһты көп-көп зікір етіңіз, бұл сізді міндетті түрде қорғайды.

Таңда оянған бойдан Аллаһты зікір етіп:

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَحْيَانَا، وَبَعَدَنَا أَمَاتَنَا، وَإِلَيْهِ النُّشُورُ

«Бізді өлтіргеннен кейін қайта тірілткен Аллаһқа бүкіл мақтау, әрі біз

Оған ораламыз», - деп айтыңыз.

(хадисті әл-Бухари, 6312 мен Муслим, 2711 жеткізген).

Немесе:

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي رَدَّ عَلَيَّ رُوحِي، وَعَافَانِي فِي جَسَدِي، وَأَذِنَ لِي بِذِكْرِهِ

«Рухымды өзіме қайтарып, тәніме есендік-саулық беріп, Өзін зікір етуге

мүмкіндік берген Аллаһқа бүкіл мақтау», - деп айтыңыз.

(хадисті әт-Тирмизи, 3401 және Ибн Сунни, 9 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих әт-Тирмизиде» сенімді деп атаған, 2707).

Егер сіз мұны жасасаңыз, онда шайтанның адам ұйықтап жатқанда оны әлсіретіп, жалқау етуі үшін байлаған үш түйіннің бірі шешіледі. Кейін дәрет алып: «Әшһәду ән-лә иләһа иллә-Ллаһ» сөздерін айтыңыз, сонда екінші түйін шешіледі. Кейін, сіз ер болсаңыз және сіздің тұрғылықты жеріңізде мешіт болса, онда соған барып, басқа мүминдермен бірге таң намазын оқыңыз, сонда үшінші түйін де шешіледі. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ صَلَّى الصُّبْحَ فَهُوَ فِي ذِمَّةِ اللَّهِ

«Таң намазын оқыған адам Аллаһтың қорғауының астында болады»

(хадисті Муслим, 657 жеткізген).

Көпшілігіміз Құранның соңғы үш сүресін білеміз. Бұл «әл-Ихлас», «әл-Фәләқ» және «ән-Нәс» сүрелері. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адам осы үш сүрені таңертен және кешке үш рет оқыса, бұл оны барлық жамандықтардан: жаудан, шайтандардан, сиқыршылардан, жаман көзден және басқа да нәрселерден, - сақтайтынын айтқан.

Үйден шыққан уақытта: «*БисмиЛләһ, тауәккәлтү ғалә-Ллаһ, лә хәулә, лә қуаата иллә би-Лләһ*» («Аллаһтың атымен! Аллаһқа тәуекел етемін. Аллаһтан басқа ешкімнен күш те, қуат та жоқ!») сөздерін айтыңыз. Егер сіз бұл сөздерді айтсаңыз, шайтандар сізден алыстап, бір-біріне: «Тура жолмен жүргізілген, зұлымдықтан босатылған және жаудан қорғалған адаммен не істей алмақсың», - деп айтады.

Үйге оралғанда да Аллаһты зікір етіңіз, егер сіз үйге кіргенде және тамаққа отырғанда Аллаһты зікір етсеңіз, шайтан өз сыбайластарына: «Бүгін мұнда сендерге тамақ та, баспана да жоқ», - деп айтады.

Ұйықтар алдында дәрет алыңыз, сонда сіздің қасыңызда, сіз бұрылған немесе оянған сайын:

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِعَبْدِكَ، فَإِنَّهُ بَاتَ طَاهِرًا

«Уа Аллаһ! Бұл құлыңа кешірім нәсіп ет, өйткені ол таза күйінде ұйқыға жатты», - деп айтатын періште болады.

(хадисті Ибн Хиббан, 1051 және әт-Табарани, 13620 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих әл-жамиғ» еңбегінде сенімді деп атаған, 3936).

Ұйқыдан бұрын «әл-Қурси» аятын оқуды ұмытпаңыз, сонда қасыңызда, сіз оянғанға дейін Аллаһтан бір қорғаушы болады және шайтан сізге жақындамайды. Ал егер сіз «әл-Бақара» сүресінің соңғы екі аятын оқысаңыз, олар, Аллаһтың қалауымен, сізді шайтандардың зұлымдығынан сақтайды.

Үйіңізді әл-Бақара сүресін оқу арқылы шайтаннан сақтаңыз, өйткені шайтан бұл сүре оқылған үйден қашады. Үйіңіздің қабырғаларына тірі жандардың суретін ілмеңіз, өйткені Аллаһ бұған тыйым салды және ондай үйге періштелер кірмейді.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге үйреткендей, балаларыңызды шайтаннан сақтап, оларды Аллаһқа тапсырыңдар. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

أَعِيذُكُمْ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّةِ، مِنْ كُلِّ شَيْطَانٍ وَهَامَّةٍ، وَمِنْ كُلِّ عَيْنٍ لَامَّةٍ

«Мен сен екеіуңе әрбір шайтан мен жамандық жасаушыдан және кез келген жаман көзден қорғаныш тілеп, Аллаһтың кәміл сөздеріне жүгінемін»

(хадисті Ахмад, 2112; Абу Дауд, 4737 және әт-Тирмизи, 2060 келтірген; әл-Әлбани оны «Мишкат әл-масабиһ» еңбегінде сенімді деп атаған, 1535).

Әрі сөзіміздің соныңда да, басында да, кез-келген жағдайда да әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағалаға бүкіл мақтаулар және сүйікті Пайғамбарымыз

Мухаммадқа, оның отбасына, сахабаларына және оларға ілескендердің барлығына
Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын!

Қазақ тіліне аударған
шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
«Сунна» колледжі
1447/2025 ж.